



Министр мен төрағаның есебін тыңдады



Президент Денсаулық сақтау министрі Алексей Цойдың есебін тыңдады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Денсаулық сақтау министрі Алексей Цоймен телефон арқылы сөйлесіп, еліміздегі коронавирус індетіне қарсы қабылданып жатқан шаралар жөнінде есебін тыңдады. Сонымен қатар Мемлекет басшысына Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев есеп берді.

А.Цойдың айтуынша, елордада індетті жұқтырушылар саябырлап, эпидемиологиялық жағдай тұрақталып келеді. Дегенмен соңғы аптада Қазақстанда ауру жұқтырғандардың саны 10 пайызға артқан.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 1 тамыздан бастап елімізде індеттің таралу индексі 1,11-ден 1,01-ге дейін азайып, 9 пайыз болғаны жөнінде ақпарат берілді. Алексей Цой Нұр-Сұлтан қаласында коронавирустың таралу индексі 1 бірліктен төмендегенін, Алматыда 19 пайызға азайғанын жеткізді.

Бүгінде аймақтардағы 328 медицина нысанында 55 658 науқас емделіп жатыр. Республика бойынша ауруханалардағы төсек-орындардың 54 пайызында, жансақтау бөлімдерінің 45 пайызында науқастар ем қабылдап жатыр.

Алексей Цойдың айтуынша, қазір 5,9 миллион адамға коронавирусқа қарсы вакцинаның бірінші компоненті салынып, екпе алатын тұрғындардың 59 пайызын құраған. 4,5 миллион адамға екпенің екінші компоненті салынып, екпе салынатын тұрғындардың 45,2 пайызы қамтылған.

Ал Ерболат Досаев Мемлекет басшысына биылғы 7 айдағы ақша-несие саясатын іске асырудың алдын ала қорытындылары туралы есеп берді.

Ұлттық банк төрағасы Президентке коронавирустың жаңа толқынының таралуына байланысты Халықаралық валюта қорының әлемдік экономиканы қалпына келтіру қарқыны мен қаржы нарықтарын түзетуге қатысты болжамдарды қайта қарағаны жөнінде ақпарат берді.

Әңгімелесу барысында әлемдік экономиканы қалпына келтіруде инфляция мен инфляциялық болжамдар басты кедергі екені атап өтілді. Мемлекет басшысына еліміздегі инфляцияның жылдам өсу себебі (2021 жылғы шілдедегі қорытынды бойынша — 8,4 пайыз) және инфляцияны тұрақтандыру мақсатында Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесі (9,25 пайызға дейін) көтеру туралы шешімі жөнінде мәлімет берілді.

Әңгімелесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қордың активтерін сақтауға және арттыруға ерекше назар аударып, Үкіметпен бірлесіп инфляцияны тұрақтандыру бойынша тиімді шаралар қабылдауды тапсырды.

КОРЕЯҒА РЕСМИ САПАРМЕН БАРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 16-17 тамызда Корея Республикасына мемлекеттік сапармен барады. Сапар Корея Президенті Мун Чжэ Иннің шақыруымен байланысты ұйымдастырылған. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook-те жазды.

«Сапар аясында жоғары деңгейде келіссөздер өтіп, мемлекет басшылары екі ел арасындағы стратегиялық әріптестікті одан әрі дамытудың перспективаларын қарастырмақ. Кездесу қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдеме қабылданып, үкіметаралық құжаттарға қол қойылады деп жоспарланған.

Қазақстан Президенті Сеулге сапары аясында Кореяның ірі компанияларының басшыларымен, белгілі саяси қайраткерлермен кездесулер өткізеді. Сонымен қатар Қазақстандағы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бойынша бірқатар коммерциялық келісімшарт жасалмақ.

Сондай-ақ Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сеул қаласында Абай ескерткішінің ашылу рәсіміне қатысады деп жоспарланған», — деп жазды Б.Уәли.



Азық-түлік бағасы АСПАНДАП БАРАДЫ

Жыл басынан бері шарықтаған азық-түлік бағасы халықтың қалтасын қағып жатыр. Ал күн сайын құбылатын бағаны бақылауда ұстауға Сауда және интеграция министрлігінің шамасы жетпей отыр. Министрлік енді азық-түлік экспортына тыйым салу арқылы бағаны сақтап қалудың амалына көшуді жоспарлады. Сұранысқа сай тауарлардың бағасын өз қалауы бойынша көтеретін кәсіпкерлерге бұл тәсіл әсер ете ала ма? Азық-түлік бағасын тұрақтандыру үшін сарапшылар қандай кеңес береді?

КОЛДАНЫСТАҒЫ ТӘСІЛ КӨНЛІ КӨНІШТІМЕЙДІ

Өткен айда Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын ұстап тұру жұмысына көңілі толмайтынын айтқан болатын. Айтуынша, жергілікті бюджеттен сауда желілеріне азық-түлік тауарларын арзанға сату үшін 30 млрд теңгеден астам іс жүзінде тегін қарыз бөлінді. Алайда қазіргі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру құралдары тиімсіздігін көрсеткен. Колданыстағы шаралардың нарыққа әсері 1-4% аралығында ғана екенін ескертті.

Сондай-ақ тұрақтандыру қорларында да жағдай осындай.

Тұрақтандыру қорлары өнімдерінің нарықтағы үлесі 4%-дан аспайды. Демек, бұл қорлар арқылы бағаға әсер етуге тырысу да тым тиімді тәсіл емес. Сондықтан бағаны өсірмеудің өзге тәсілдері қарастырылғаны абзал. Айталық, Президент әкімдерге орталықтың айтқанына бас шұлғи бермей, өздігінше әрекет ету керекін үйренуге кеңес берген. Үкіметке «Атамекен» ҰҚП-мен бірлесіп, колданыстағы құралдардың тиімділігін бағалауды және неғұрлым тиімді шаралар пакетін ұсынуды тапсырған-ды. Одан бөлек атқамінерлерді азық-түлік нарығындағы делдалдармен қоян-қолтық жұмыс істеуге шақырған болатын. Ал Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі әкімдермен бірлесіп өңірлерде осындай делдалдық схемаларды

тексеру жөніндегі комиссия құруы тиіс. Бұл жұмысқа Қаржы мониторингі агенттігі де қосылып, азық-түлік бағасының нәтижесі туралы хабарлап тұруы қажет еді. Соның ішінде ірі қалалардың көтерме сауда нарықтарына ерекше назар аудару керек. Сөйтіп, алдымен бағаның өсу динамикасын, себептерін анықтап, бағаның көтерілуіне ықпал ететін факторларды дер кезінде біліп отыру керек еді. Бәлкім содан соң ғана Үкімет жұмыстарынан нәтиже шығуы мүмкін. Бірақ өзiрге атқарушы билік Президент жүктеген міндеттерді толық орындаған жоқ, тек бағаны ұстап тұру бағытында имитация жасап жатқандай көрінеді. Сырт көзге.

(Жалғасы 4-бетте)

Жаңа оқу жылы қалай басталады?



Жаңа оқу жылының басталуына санаулы күндер қалды. Оқу дәстүрлі форматта өтеді. Оған білім сапасының төмендеуі себеп болды. Дегенмен ата-аналар тарапы алаңдап отыр. Өйткені мұғалімдер толық вакцина алмаған өңірлер бар. Оның үстіне оқушыларға вакцина салатын мерзім белгіленген жоқ. Күзде тұмаудың тағы өршітіні бар. Білім сапасын ойлап, оқушылардың денсаулығын тәуекелге тікпейміз бе?

5»

Жалақымыз неге аз?



Ең төменгі жалақы көлемі бойынша әлемнің 56 мемлекеті қатысқан рейтингте Қазақстан 37 400-тенге көрсеткішпен соңғы орындардың бірін иеленді. Өйткені айлығы шайлығына жетпейтіндер бар. Осыдан екі жыл бұрын ресми түрде ең төменгі жалақыны Жамбыл облысындағы архив қызметкерлері алған.

Қазақ «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды» деуші еді, бірақ бұл мақал бізге емес, өркениеті жоғары басқа елдерге арналған. Бізде жұмыс істеп жүріп

те тақыр кедей болуға болады. Ресми статистика бойынша, дәл қазір Қазақстандағы орташа жалақы — 242 542 теңге. Бірақ мұндай жалақыны халықтың қанша

пайызы алады, мәселе сонда?! Шындығында, халықтың 80 пайызы үшін «орта жалақы» — қолжетпес арман. Біз Ұлттық статистика бюросының өкілдеріне де, тиісті министрліктерге де «орта жалақыны халықтың қаншасы алатынын неге көрсетпейсіздер?» деген сұрақты талай қойдық. Бірақ ылғи «әлемдік тәжірибе солай» деген жауап аламыз. Бірақ біздің құзырлы органдар өркениетті елдерде байлар мен қара халықтың табысының айырмашылығы 2-3 пайыздан аспайтынын ескермейді. Мәселен, ол айырмашылық Еуропаның көптеген мемлекеттерінде 2-4 есе болса, Литвада — 4,4 есе, РФ-да — 5,1 есе. Ал Қазақстанда 10 есе және одан да жоғары. Яғни, 100 теңге алатын жүз қаратабан мен 100 млн теңге алатын «жарты патшаның» айлық табысын қоса есептегенде орташа табыс 1 млн теңге болады, біздегі орташа айлық осылай есептеледі.

(Жалғасы 4-бетте)

Жалған транзит жарға жығады

Жалған транзит елімізді қарайған кірістен қағып отыр. Екі жылда Қазақстан көс ресей мен Қырғыз Республикасы кесірінен 26 млрд теңгеден айырылды. Жалған транзит — импортқа төленетін ҚҚС-дан жалтару схемасы. Құжатта транзит деп көрсетілетін тауарлар шындығында елімізде қалып қояды. Осылайша, олардан кедендік алым алынбай қалады.

ШЕКТЕУ КЕЗІНДЕ ДЕ ЖАЛҒАН ТРАНЗИТ ЖОЙЫЛМАДЫ

2021 жылдың қаңтар-сәуір айы аралығында жалған транзиттің 440 дерегі тіркелген екен. Оның 274-і Ресей, 166-сы Қырғыз Республикасы тарапынан болған. Ал оның алдындағы 2019-2020 жылдары мұндай әрекеттер Ресейден 11,3 мың рет, Қырғыз Республикасынан 9 мың рет анықталыпты.

«Қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде соңғы екі жылда жалған транзит деректерін азайтуға қол жеткіздік. 2019 жылы 28 пайызға, 2020 жылы 12 пайызға азайды. Ал жыл басынан бергі төрт айда бұл көрсеткіш 1,9 пайызға қысқарды. Соның арқасында 2019 жылы ЕАЭҚ елдерінен түсетін ҚҚС қарқыны артып, 2019 жылы 122 пайыз болған немесе 122 млрд теңгеге артып,



668 млрд теңгеге жетті. Ал 2020 жылы ол тек өсумен болды, яғни 139 пайызға немесе 113 млрд теңгеге артты.

2020 жылы бизнестің белсенділігі төмендегеніне қарамастан, ЕАЭҚ елдерінен түсетін ҚҚС көлемі азайған жоқ. Одан баса 2020 жылдың ЕАЭҚ елдерінен

келетін тауарлар бойынша түсімдер сомасы үшінші елдерден келетін соған ұқсас кірістерден 34 млрд теңгеге асып түсті», — делінген Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің ашық ақпарат көздеріндегі хабарламасында.

(Жалғасы 4-бетте)

17 млрд теңгені шетелге ала кетті



Ұлттық банктің деректері бойынша, 2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша БЖЗК-дағы жинақтар сомасы 12,4 трлн теңге болған. Соның ішінде ең көп сома жинағандар – 31-40 жас аралығындағылар. Олар шамамен 3,7 трлн теңге жинақтаған. Ең аз жинағандар 61-70 жас аралығындағылар – 681,8 млрд теңге.

Өңірлер бойынша ең көп үлес дәстүрлі түрде Алматы (2,4 трлн), Нұр-Сұлтан (1,2 трлн) және Қарағанды облысына (1,1 трлн) тиесілі. Ең аз қаражат – Солтүстік Қазақстан (345,7 млрд), Қы-

зылорда (393,7 млрд) және Түркістан (36,3 млрд) облыстарында. Жалпы, міндетті жарналар бойынша жеке зейнетақы шоттарының саны 10,9 млн-ға жуық.

Елден біржолата кетіп бара

жатқан жерлеріміз зейнетақы жинақтарынан жалпы сомасы 17,3 млрд теңге қаражат алып кеткен. Шілде айындағы мәлімет бойынша, Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуіне байланысты төлем алған салымшылардың саны – 7 646 адам. Ал төлемдер саны 7 665 бірлік. Салыстыру үшін айтсақ, 2020 жылдың осы кезеңінде салымшылардың саны 8 065 (8120 төлем), төлем сомасы 16,8 млрд теңге (жылына +2,9%) құрады.

Миллион теңге пара алған



Қызылорда облысының Мәдениет басқармасының басшысы пара алу дерегі бойынша күдікке илінді. Бұл туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өзінің Telegram каналында хабарлады.

Шенеунік жеке кәсіпкерден объектіні кедергісіз қабылдап, оған тиесілі қаржыны уақытылы аударып беру үшін 1 млн теңге көлемінде пара алды деген күдікпен ұсталды. Ол Қызылорда облысының Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы. Сот санкциясымен күдіктіге қатысты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылды. Басқа ақпараттар тергеу құпиялылығына байланысты жариялануға жатпайды.

Ағайындылардың қылмысы әшкереленді



Алматы қалалық Полиция департаментінің мәліметінше, Алматыда інісімен бірге вакцина паспортын сатумен айналысқан медбике ұсталды. Туыстардың заңсыз әрекеттерін криминалдық полиция қызметкерлері жедел және арнайы іс-шара барысында анықтады.


«Біздің назарымызға бірінші болып 22 жастағы А. есімді азамат ілікті, ол ұйымдастыру жұмыстарын жүргізген. Яғни, әлеуетті клиенттер тауып, келіссөздер жүргізіп, төлемді

электронды аударымдар арқылы қабылдаған. Ал техникалық жағын қаладағы емханалардың бірінде медбике болып жұмыс істейтін әпкесі өз мойнына алған. 25 жастағы

М. есімді азамат КВИ-ге қарсы егілгендердің мәліметтер базасына «клиенттердің» деректерін енгізді» деп хабарлады Алматы қалалық Полиция департаментінің Криминалдық полиция басқармасының бастығы Қуатбек Науатов.

Тергеуді Алматы қаласы ПД Анықтау басқармасы жүргізіп жатыр. Екі айыпталушы да қылмыстық жауапқа тартылады.

Қазақстандықтар 7 млн теңгесін қайтарып алған



Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті елдегі интернет дүкендердің қазақстандықтарға 7 млн теңгеге жуық ақшасын қайтарып бергенін мәлімдеді.

Ақпарат бойынша, 2021 жылдың алғашқы жартыжылдығында интернет дүкендердің қызметіне 573 отандасымыз шағымданған. Аталған шағым негізінде тұтынушыларға шамамен 7 млн теңге

А.АЙДАРҚЫЗЫ

Балаларға да вакцина салынуы мүмкін

Медицина ғылымдарының докторы Сағира Әбдірахманова коронавирусқа қарсы вакцинаны бүкіл әлемде балаларға 12 жастан бастап салдыру қажеттілігі туралы айтылып жатқанын атап өтті. Тіпті, Израиль жас шектеуін 4 жасқа дейін қысқартты.

«Бүгінде әлемде 13-тен астам вакцина тіркелген. Ал ең танымалы – Pfizer. Ол бүкіл әлемде қолданылады. Бұрын 12 жастан бастап балаларға вакцина салдыру бастаған Израиль үкіметі шамамен үш апта бұрын тәуекел тобын вакциналауды 4 жастан бастау қажет деген қаулы шығарды. Ал біздің Денсаулық сақтау министрлігі Pfizer компаниясымен біздің балаларды төртінші тоқсанда вакциналау туралы келісімге қол қойды. Дәл осындай жағдай АҚШ-та да бар, сол сияқты Қытай да балаларын вакциналауға дайын, негізі олар келесі жылға жоспарлаған болатын, бірақ вакцина салдыру жұмыстары басталып кетті. Франция 12 жастан бастап балаларға екпе салдыру бастайды. Сондықтан бүкіл әлем балалар қауымына вакцина сал-



дыруға көшіп жатыр», – деді Сағира Әбдірахманова.

Қазақстанның жетекші инфекционисі, профессор Динагул Баешева балалардың кем деген-

де 80%-ын вакциналау қажет екенін атап өтті. Оның үстіне, профессор екпе салдыру ерікті түрде жүзеге асырылатынын айтты.

Бұрын қылмыс жасағандар мектеп басқарған

Павлодар облысында екі мектеп директоры бұрын істі болғаны анықталды. Екеуі де жұмыстан шығарылды. Бұл туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстық департаментінің басшысы міндетін атқарушы Ардақ Балғожин мәлімдеді.

Ресми мәліметке сәйкес, директордың біреуі Аққұлы ауданында Б.Ухатов атындағы орта мектепті басқарса, екіншісі Қызылтан ауданындағы Терекөл мектебіне жетекшілік еткен.

«Бірінші директор ҚазКСР Қылмыстық кодексінің 93-бабы («Жәбірленушінің өліміне әкеліп

соққан қасақана ауыр жаракат салу немесе қылмысты ауырлатын жағдайда жасалған әрекет») бойынша сотталған болатын. Ал екінші мектеп басшысы жемқорлық қылмысы үшін істі болған», – деді Балғожин аймақтық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Оның айтуынша, Еңбек кодексінің 26-бабы бойынша сотты болған және қылмыстық қудалауға жүрген адамдарды білім беру, кәсіптік жасқа толмағандарды тәрбиелеу мен дамыту ұйымдарына жұмысқа қабылдауға тыйым салынған. Дәл осы бапқа сәйкес, жемқорлық қылмысын жасаған тұлғаларға да ондай мекемелерде қызмет етуге рұқсат етілмейді.

Талдау жұмыстарының нәтижесінде білім басқармасына екі лауазымды тұлға қатысты шара қолдануға ұсыныс жасалды. Екеуі де жұмыстан босатылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет бұрын қылмыс жасаған 14 тұлғаны анықтады. Олардың ішінде 8 директор, 3 бухгалтер, сондай-ақ мемлекеттік сатып алумен айналысатын 3 адам бар. Олардың ішінде алтауы сыбайлас жемқорлық үшін жауапқа тартылған.

Н.ЕРЖАНҚЫЗЫ

Тікұшақтар өрт сөндіруге кірісті

Қазақстанның екі тікұшағы Түркияның оңтүстік-батысында орман өртін сөндіруге кірісті.

Әуе кемелері мен кәсіби дайындалған экипаж жалпы 45 циклдан тұратын 180 тонна суды өрт ошақтарына тастады. Қазақстан бортырау әуеде 10 сағаттан астам уақыт ұшып өтті. Бұл туралы Төтенше жағдайлар министрлігінің ресми өкілі Талғат Уәли мәлімдеді.

Қазақстанның әуе кемелері Даламан қаласының іргелес аумағының отпен бақыландырылған учаскесінде шоғырланған. Өрт сөндіру жұмыстары жалғасуды және ертең таң ата қайта басталады.

А.ЖОЛДАС



Құрғақшылыққа дайын емес

Президент жанындағы орталық коммуникациялар қызметінің алаңында өткен баспасөз конференциясында Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы Ербол Қарашөкеев биылғы құрғақшылыққа дайын болмағандарын мәлімдеді.

Ғалымдардың деректері бойынша, елімізде жыл сайын мал азығы зоотехникалық қажеттілік нормасынан 2 есе аз өндіріледі

екең. Сонымен қатар жемшөптің осы көлемінің шамамен 70%-ы негізінен табиғи шабындықтарда және шабындық деп аталатын жайылымдарда жиналады. Ал олардың өнімділігі толығымен ауа райына байланысты.


«Мал шаруашылығын тиісті азық-түлік қорынсыз дамыту – үлкен тәуекелге барумен бірдей. Сондықтан да құрғақшылық салдарын жою және залалды азайту бойынша шараларды қабылдау қажет. Қазіргі құрғақшылық секілді

табиғи апаттардың орын алуықтималдылығы анық еді. Сондықтан мұндай сценарийлерге алдын ала дайындалу қажет еді. Өкінішке қарай, біз биыл құрғақшылыққа дайын болмағанымызды көріп отырмыз, – деді Ербол Қарашөкеев.

Ауыспалы егістегі жемшөп дақылдарының үлесі 15% деңгейінде қалып отыр. Бұл ғылыми-зерттеулер ұсынған көрсеткіштен 2 есе төмен. Жемшөп дақылдарымен небәрі 3,2 млн гектар гана қамтылған.



Дайындаған Нұрлан ОРАЗҒАЛИ



Қоғамдық кеңес отырысы өтті

«Nur Otan» партиясы Маңғыстау облыстық филиалы жанындағы білім мен ғылымды дамыту жөніндегі қоғамдық кеңестің отырысы онлайн форматта өтті.

Отырыста облыстық сайлауалды бағдарламаның «Білім беру сапасын жақсарту» бағыты бойынша III тоқсанда атқарылған жұмыстары туралы Маңғыстау облыстық Білім басқармасының басшысы С.Төлебаеваның есебі тыңдалды.

— Жаңа оқу жылында облыс бойынша 530 білім беру нысаны жұмысын бастайды. Олар — 324

ғасуда, қыркүйекке дейін барлық мұғалім вакцина салды.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша техникалық және кәсіптік білім алған түлектерді оқу орындарын аяқтағандар кейінгі жұмысқа орналасу көрсеткіші туралы С.Төлебаева:

— Облыстағы 27 колледждің жалпы контингенті 19 723 студентті құрайды. Биыл 1-курсқа 6

Өңірлердегі білім САПАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

BILIMDI ÜLT ұлттық жобасының негізгі барысы, әлемнің жетекші ғылыми орталықтарына қазақстандық ғалымдарды тағылымдамадан өтуге жіберу және басқа да өзекті мәселелер «Nur Otan» партиясы жанындағы Білім мен ғылымды дамыту жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің кезекті отырысында талқыланды.

Кенес төрағасы Жұлдыз Сүлейменованың айтуынша, «Nur Otan» партиясының білім беру саласындағы сайлауалды уәделерін орындау, ең алдымен ұлттық жобадан сайлауалды бағдарлама тармақтарының сапалы көрініс табуына тікелей байланысты.

Осы орайда Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Каринаова құжаттың жобасында «Nur Otan» партиясы сайлауалды бағдарламасының 11 тармағы енгізілгенін алға тартты. Бұдан басқа, BILIMDI ÜLT ұлттық жобасына білім беру саласына қатысты тағы 30 тармақты енгізу көзделіп отыр. Ал сайлауалды бағдарламаның ғылымды дамытуға қатысты басқа бағыттарын ғылым жөніндегі ұлттық жобаға қосу жоспарланған.

Сондай-ақ вице-министр 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобаның 4 бағыты, 5 міндеті, 15 нәтижелі көрсеткішіне тоқталды. Оның айтуынша, бүгінде 2-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиенен қамтамасыз ету төмен (77%) деңгейде. Сондықтан жобадан мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін қамтамасыз ету деңгейін «Nur Otan» платформасында көзделгендей 95 пайызға жеткізу қарастырылған.

Өз кезегінде Кеңес төрағасы Жұлдыз Сүлейменова ведомство өкіліне орта білім беру жүйесіндегі білімнің сапасына, ауыл мектептеріндегі инфрақұрылымды дамытуға, ауыл мен қала мектептерінің арасындағы алшақтықты мейлінше азайтуға қатысты бірқатар сұрақ қойды.



Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама (PISA) зерттеулерінің қорытындылары бүгінде Қазақстанда тек қала мен ауыл оқушыларының арасындағы білім сапасының айырмашылықтарын ғана емес, сонымен қатар өңіраралық артта қалушылық бар екенін көрсеткен. Мысалы, Қызылорда, Маңғыстау, Ақтөбе облыстарында қала мектептерінің көрсеткіштері Павлодар, Қостанай, Солтүстік және Шығыс Қазақстан облыстарындағы ауыл мектептерінен төмен. Ал Павлодар, Қостанай мен Шығыс Қазақстан облыстарында қалалық және ауылдық мектептер арасындағы білімде алшақтық көрініп отыр.

— Сондықтан өңіраралық және ауыл мен қала мектептеріндегі білім сапасындағы алшақтықты азайту — жобадан негізгі мақсаттың бірі. Сондай-ақ мектептерді жайлы және қауіпсіз ету, заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету де инфрақұрылымдық мәселелер өзекті болып отыр. Соңғы 5 жылда 471 мектеп салынып, пайдалануға берілді. Бірақ бұл жеткіліксіз. Орын тапшылығы келешекте 256 мыңға дейін жетеді деп болжанды. Елімізде мектептің 137-сі үш ауысымда, 5095-і екі ауысымда жұмыс істейді. Апатты жағдайда 34 мектеп бар. 248 білім ошағы саманнан

салынған. Осы мәселелерді шешу үшін «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасына сәйкес алдағы 5 жылда 800 мектеп салу жоспарланған. Бұл мәселе үнемі Үкімет пен партияның бақылауында, — деді Ш.Каринаова.

Осы күнге дейін 86 ЖОО-да педагог маман даярланып келе, ендігі жерде педагогтерді сапасыз дайындайтын университеттердің лицензиясы қайтарып алынады. Базалық педагогикалық ЖОО белгіленіп, соларға тиісті мемлекеттік тапсырыс беріледі. Сапалы педагог мамандарды даярлау мақсатында қолға алынған тағы бір шара ретінде вице-министр педагогикалық мамандықтарға білім деңгейі жоғары мектеп бітірушілері ғана қабылданатынын атады. Педагогикалық мамандықтарға тәуелсіз үшін шекті балл былтыр 70 болса, биыл ол 75 балға дейін көтерілген. Енді осы 75 балмен түскен жастар педагогика мамандығында бұрынғыдан басқа, жоғарылатылған талап бойынша дайындалған бағдарламамен оқиды. Мұнда сапалы абитуриент, сапалы студент, кейін сапалы педагог болып шығады деген логика жасалып отыр.

Жиын барысында әлемнің жетекші ғылыми орталығына 500-ден кем емес қазақстандық ғалымды тағылымдамадан өтуге жіберу мәселесі де ортаға салынды. Мұнда қаржылық және

жалпы жұмыстың мазмұнына байланысты мәселе бар. Вице-министр келтірген мәліметтерге сүйенсек, қазір «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде «Ғалымдар» санаты бойынша тағылымдамадан өту үшін бірінші конкурстық іріктеуге барлығы 8 үміткер қатысып, 7 адамға стипендия тағайындалған. Екінші тағайындауға 50 үміткерден құжат қабылданған.

Халықаралық бағдарламалар орталығының президенті Айнұр Кәрібозованың айтуынша, шетелде тағылымдамадан өтіп келген азаматтардың жұмыс орны сақталмады және олар келісімшартпен бекітілген мерзімде елге оралып, тағылымдама шеңберінде алған мамандығы бойынша жұмыс берушісінде 3 жыл еңбек өтілін қамтамасыз етуі тиіс.

Жиын соңына таман «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасы Жол картасының білім және ғылым саласын дамытуға арналған тармақтарының орындалу барысы туралы Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетовтің есебі тыңдалып, аймақ әкімдігіне бірқатар ұсыныс берілді. Атап айтқанда, білім беру нысандарының құрылысы, 1 000 мектепті жаңғырту, мектептерді 100 пайыз білікті кадрлармен, жоғары жылдамдықтағы интернет желісімен қамтамасыз ету және қала мен ауыл мектептері арасындағы алшақтықты азайту мәселесінің сапалы орындалуын қамтамасыз ету ұсынылды.

Жиын қорытындысы бойынша Білім және ғылым министрлігіне партияның сайлауалды бағдарламасы республикалық Жол картасының барлық тармақтарын BILIMDI ÜLT ұлттық жобасына қосу мәселесін қарау, сондай-ақ мектептерді салу мен жаңғыртуды, 2021 жылға арналған индикаторларға сәйкес пәндік кабинеттерді қамтамасыз етуді қаржыландыру бойынша жергілікті атқарушы органдармен жұмысты күшейту ұсынылды.

Ерке ЕРҚОҢЫП



балабақша, 143 жалпы орта білім беретін күндізгі мектеп, 15 жеке-меншік мектеп, 5 кешкі мектеп, 16 арнайы білім беру ұйымдары, 27 колледж. Осы жылы ашылады деп жоспарланған 1 490 орындық 19 балабақшаның 16-ы ашылды, 3-6 жастағы балаларды балабақшамен қамту — 100%, 2-6 жасты қамту — 67,6%. Балабақшаларға жолдама беру жұмысын онтайландыру үшін биыл мамыр айынан бастап Цифрлық даму басқармасымен бірлікте арнайы ақпараттық жүйе енгізу жұмыстарын бастады. Қыркүйек айының басында іске қосылады, — деді С.Төлебаева.

Оның айтуынша, жаңа оқу жылында облыс мектептеріне 166 мыңға жуық оқушы келеді деп күтілуде, былтырғы жылмен салыстырғанда оқушы контингенті 8 мыңға артық болуы мүмкін. 2021 жылы 1 сәуірден 1 тамызға дейін 1-сыныпқа қабылдау жүргізілді. Дегенмен дәлелді себептермен кеш қалған балалардың құжаттары әлі де қабылданады.

Мектептерде санитарлық-эпидемиологиялық талапты сақтау мақсатында ішкі қаражаттан 108 млн теңге қаржыға дезинфекциялық құралдар сатып алынды. Барлық білім беру ұйымдарына Ashyq бағдарламасы енгізілді.

Осы оқу жылында мектептерде 15 395 мұғалім қызмет етеді деп күтілуде. Зейнет жасындағы 375 педагог бар. Жаңа оқу жылында 644 жас маман мектепке орналасады, қабылдау жұмыстары жүргізілуде. 119 орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне қажеттілік бар. Осы ретте өңірдегі педагог мамандар даярлайтын 7 колледжді биыл 60, Есенов университетінің 24, облыс әкімінің грантымен басқа қалада оқитын 1 орыс тілі әдебиеті пәні мұғалімі келіп, 85 кадр тапшылығы өтеледі. Қалған 34 кадр тапшылығы зейнет жасындағы мұғалімдер есебінен және басқа мұғалімдерге қосымша жұктеме беру арқылы уақытша шешілетін болады. Басқа өңірден маман тарту жұмыстары жүргізілуде. Биыл 3 маман келеді. Келген мамандарға тұрғын үй мәселесі қарастырылған.

Бүгінде мектептердегі вакцина алуға қарсы көрсеткіші жок 10 943 педагогтің 75,2%-ы, кіші қызметкерлердің 52,6 %-ы екпе алды. Бұл бағыттағы жұмыс жал-

445 студент қабылданады. Оның ішінде мемлекеттік тапсырыспен қабылданатыны — 4 631 студент, «Еңбек» бағдарламасы бойынша — 1 131 студент. 2021 жылы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында бітіруші түлек саны — 4 408, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша — 3 289 адам. Жұмыспен қамтылғандар және өзін-өзі жұмыспен қамтығандармен бірге — 3 173 адам. Мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыспен қамтылғандар және өзін-өзі жұмыспен қамтығандармен бірге — 2 212, жоғары оқу орнында білімін жалғастыруға ниет білдіргендер саны — 428 адам, — деді.

Келесі «Білім беру сапасын жақсарту» бағытының 112, 113, 114-тармақтары бойынша III тоқсанда атқарылған жұмыстар туралы Маңғыстау облыстық Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары А.Манкешованың есебі тыңдалды. Жалпы, «Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінгі сайлауалды бағдарламасы аясында Маңғыстау облысында 26 мектептің құрылысы жоспарланған. Соның ішінде 2021 жылы — 4 мектеп; 2022 жылы — 7 мектеп; 2023, 2024, 2025 жылдары — 5 мектептен.

— Биыл Маңғыстау облысында 4 мектептің құрылысын аяқтау жоспарлануда. Олар — Ақтау қаласының Шығыс-1 тұрғын алабындағы 300 орындық жалпы білім беру мектебінің құрылысы, Ақтау қаласының 32А шағынауданындағы №29 орта мектепке 300 орынға арналған жапсаржай құрылысы, Бейнеу ауданы Бейнеу ауылында Күйкен атындағы орта мектепке бөлек тұратын оқу корпусының құрылысы, Өмірзақ ауылындағы №27 мектеп жапсаржайы қайта құру. Шығыс-1 тұрғын алабындағы мектеп құрылысы биыл тамыз айында толықтай аяқталып, пайдалануға беріледі. Сондай-ақ 32А шағынаудандағы мектеп жапсаржайының құрылысы басталды, желтоқсан айында аяқталатын болады, — деді А.Манкешова.

Сонымен қатар басқарма басшысы жаңадан салынатын және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетін мектептер құрылысының сапасына да тоқталып өтті.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Орал қаласы Самал-3 шағынауданындағы «Мичурин» бау-бақша қоғамының тұрғындары «ӨЖК Серик» ЖШС-нің Шаған өзені бойында құрылыс жүргізіп жатқанына наразы. Тұрғындардың арыз-шағымына байланысты «Nur Otan» партиясы облыстық филиал жанындағы партиялық бақылау комиссиясының және қоғамдық экологиялық кеңестің бірлескен отырысы өтті.

ШАҒАН бойындағы шу

Аталмыш отырыста «Мичурин» бау-бақша қоғамы тұрғындарының арызы қаралды. Тұрғындар Орал қаласы Самал-3 шағынауданындағы Шаған өзенінің бойындағы құрылыс нысанын жүргізу жұмыстары нәтижесінде өзен жағасындағы ағаштардың кесілгенін айтты. Олар жерді тегістеу жұмыстары салдарынан өзен арнасы жіңішкеріп, табиғи экожүйеге зақым келтірілді деп есептейді. Сонымен қатар Шаған

арналған көңіл көтеру орнында аттракцион бар. Жағажайда мұздыққа қатысты мәселелер де талқыланды. Осы құрылыс нысанын салмастан бұрын инвестор тұрғындармен ешқандай келісім жасаған жоқ. «ӨЖК Серик» ЖШС Шаған өзені қасына бөгет тұрғызды. Салдарынан өзен арнасы кебе бастады. Орман ағаштарының біраз бөлігін кесіп, сол жерді тегістеп тастады. Қазір ол жерде аң-құс азайып кетті. Біз талап ете бас-



өзені ортақ пайдаланылатын объектіге жатқанымен, құрылыс учаскесінде өзен суын пайдалануға инвестор тыйым салып отырғаны да тілге тиек етті.

— Самал-3 шағынауданындағы саяжай тұрғылықты мекенжай болып саналады. 2019 жылдан бері өзен бойында ойын-сауық аймағы пайда болды. Көпшілікке

тағаннан кейін ғана су жіберетін объектіні ашып, өзен арнасын сол толтырып қойды, — деден Лариса Румянцева комиссия мүшелеріне фотоайғақтарды көрсетті.

Шағым айтушылар құрылыс жүргізілген аумақ ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жер екенін баса айтты. «Мичурин» бау-бақша қоғамы



бірнеше жыл бұрын осы учаскені игеру жөнінде ұсыныс айтқанымен, қала әкімдігі бұл жерді пайдалануға мораторий жарияланғанын, шектеу мерзімі аяқталуын күтуді ұсынған. Бірақ Шаған өзені бойындағы аумақ инвестор қолына өткен. АҚАЙҰҚ әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы АҚ шешімімен 2020 жылы «ӨЖК Серик» ЖШС «Самал шағынауданында жағалау бекіту және су жинау құрылысын жүргізу және жағжай салу» инвестициялық жобасы қолдау тапқан. Ал мичуриндіктер құрылыс нысанына қатысты мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізілмегенін жазған.

«ӨЖК Серик» ЖШС-нің бас директоры Серік Мерғалиев қазір құрылыс нысанының 82 пайызға жуығы жүргізілгенін тілге тиек етті. Ол құзырлы мекемелер келісім беретін құжаттың түгел жиналуын күтпей, құрылысты бастап кеткенін мойындады. Өз кезегінде партиялық бақылау комиссиясы отырысына қатысушылар инвесторға құрылыс заңдылығына қатысты бірқатар сауал қойып, жауап алды. Атырау қаласынан отырысқа онлайн қатысқан Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы басшысының орынбасары Бейбіт Қадимов экожүйеге нұқсан келтірету мақсатында нақты қандай талапты орындағанын сұрады. Өңірлік қоғамдық экологиялық кеңестің төрағасы Дархан Сариев инвестор мен тұрғындарды өз-өзі

сарсаңға салған жобаға рұқсат берген қала әкімдігі мен жергілікті атқарушы құрылымдардың бұл іске салғырт қарағанын сынға алды.

«Nur Otan» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалы жанындағы бақылау комиссиясының төрағасы Нұрғиса Камашев барлық тараптың уәжін тындап шықты.

Жиын барысында Орал қаласы әкімінің орынбасары Асхат Құлбаев, Орал қаласы жер қатынастары бөлімі, АҚАЙҰҚ әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы АҚ басқармасы, БКО Экология департаменті, БКО Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы, БКО прокуратура өкілдері, Мичурин» бау-бақша қоғамының өкілдері осы мәселеге қатысты ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Алдағы уақытта даулы жер учаскесіне қатысты сот отырысы өтеді. «Мичурин» бау-бақша қоғамының заңгері Виталий Кленин инвестордың тұрғындар талабына құлақ аспағанын, сот алдындағы бітім жасауға келіспегенін жеткізді. Даулы мәселе ушықпас үшін жергілікті атқарушы құрылымдар үнісіз қалмас үшін партиялық бақылау комиссиясы инвестициялық жобаны мақұлдаған құрылымдардан жазбаша жауап алып, тараптардың олықтық қайта болдырмауын қадағалайтын болды.

Әбілмансұр ЖАСАН

Жалған транзит жарға жығады

(Басы 1-бетте)

Нұрлан ҚОСАЙ

Мемлекеттік орган, сондай-ақ тасымалдаушылар заңды бұза отырып, қандай тауар түрлерін көбірек әкелетінін де айтты. Мәселен, 2019-2020 жылдары Ресейден әкелінген тауарлардың ішінде ағаш өнімдерінің (23 пайыз), азық-түліктің (15 пайыз), Қырғыз Республикасынан халық тұтынатын тауарлардың (30 пайыз), жеміс-жидектің (23 пайыз) үлесі анағұрлым көп.

КӨЛЕНКЕЛІ

ТАУАР АЙНАЛЫМЫ АРТҚАН

Еліміздің мүддесін қорғау үшін Мемлекеттік кірістер комитеті 2019 жылдың 16 қаңтарынан бастап ЕАЭК елдерімен шекараға өз қызметкерлерін қойған екен. Осындай мониторинг нәтижесінде, келендік қадағалауды алып тастап, экономикалық кеңес аясында тауар айналымының еркін режимін енгізгенді салық төлеуден жалтарудың түрлі схемалары, соның ішінде жалған транзит әдісі пайда болған. Соның ішінде транзит деп көрсетілген тауарларды алым-салығын төлемей Қазақстанда қалдыруды көздейтін көленкелі тауар айналымының үлесі көбірек болып тұр. Көленкелі тасымалдың жолын кесудің бір жолы — навигациялық пломбалар ілу. Сондай-ақ 2020 жылдың соңында импорттан бастап бөлшек саудаға дейінгі немесе экспортқа дейінгі кесіп өтетін жолын қадағалау үшін тауарларға арнап ілеспелі жүкқұжат енгізу

бойынша пилотты жоба қолға алынған болатын

«Біздің жүргізген жұмыстарымыздың нәтижесінде еліміз арқылы өтуі тиіс жүктердің 17 пайызы Қазақстанда қалып қоятыны анықталды. Бұл транзиттік тасымалдағы әрбір алтыншы жүк деп айтуға болады. Оларға навигациялық пломбалар арқылы бақылау қойылған. Бұл мақсатта Қаржы министрлігі тарапынан 2 000 навигациялық пломбаларды жалға алуға 2021 жылдың бюджетінен 214,8 млн теңге қарастырды. Бірақ тасымалдаушылар ол талапқа бағынғысы келмейді, жүргізушілер пломбаларды жұлып тастайды. Өйткені оларға оны тағып жүруді заң міндеттейді. Осы жоба басталғалы ЕАЭК елдерінен келе жатқан жүктердің пломбалары жұлынған 61 дерек тіркелді. Осылайша, біз түсетін салықтардан бөлек, оларды қадағалауға жұмсап отырған қаражат түрінде де шығынға ұшырап отырмыз. Сондықтан да бұл мәселені біз ЕАЭК аясында көтердік. Ресей мен Қырғыз Республикасы елдерінің салық қызметтері мен жалған транзиттің ҚКС салығын төлеу туралы жұмыстар жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ Қазақстанның бастама танытуымен бұл мәселе «Еуразиялық экономикалық ықпалдастықтың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағытына» енгізілді», — деп хабарлайды МКК өкілдері.

Әйтсе де, навигациялық пломбаның көмегі көп болып тұр. Асауға тұсау болған бұл тетіктің арқасында бүгінде бюджетке 1,4 млрд теңге түскен. Осы күшейтілген салықтық шаралардың арқасында ЕАЭК елдері тарапынан жалған транзит үлесі 2019 жылғы 23 пайыздан 2020 жылы 7 пайызға түскен.

ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫС

Бұған дейін кеден саласындағы заңнамаларға өзгерістер енгізіледі деп хабарланған болатын. Соған сәйкес ел Президенті кедендік реттеу және кәсіпкерлік қызмет бойынша өзгерістер енгізілген заңға қол қойды. Енді жаңа өзгерістерге сәйкес, камералық кедендік тексеру алты айдан екі айға дейін қысқармақ, сондай-ақ аяқтай шығып тексеру шараларына да шектеу қойылмақ. Мұның барлығы кеден саласындағы жемқорлықты тыюға және мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімін қысқартуға бағытталған. Мамандар кеден саласындағы өзгерістер шектеу мен тыюдан тұрмау керектігін айтады. Шындап келгенде, жалған транзит — еліміздің экономикалық қауіпсіздігіне қарсы жасалып жатқан қылмыс.

«Менің ойымша, транзит жүктердің Қазақстанда қалуына қазақстандық бизнесмендер мүдделі. Өйткені олар үшін бұл арзанға шығар еді. Сонымен қатар елімізде мұндай жағдайдың болуы бұл жерде таза жемқорлық факторы бар екенін білдіреді. Ендеше, таяқтын екі ұшы бар демекші, мұндай әрекеттер бюджетке зиян. Транзиттік жүктерден тек жол ақысы алынады да, қалған импорттық алым-салықтар алынбайды. Сондықтан да, бұл тауарларды кеден қоймаларына алып бару керек те, оны импорт деп тіркеп, қосымша құн салғысы мен кеден төлемдері төленгеннен кейін ғана саудаға шығару керек болмаса Кеден кодексі бойынша кез келген жағдайда тәркіленіп алынып, мәселен сауда нүктелерінен кеден қоймаларына апару қажет. Егер тасымалдаушылардың мемлекетке келтірген зияны



белгілі бір сомдан асып кетсе, бұл қылмысқа жатады», — дейді экономист Сапарбай Жобаев.

Шындығын айтқанда, бұл мәселеде кеденшілердің дәременділігі байқалады. Болмаса, құжат әуелден-ақ өтірік толтырылады. Жүктің елімізде қалағаны анық. Сондықтан да бұл мәселені шешу үшін өтірік құжатта көрсетілген транзиттің екінші шетіндегі компания да белгілі бір дәрежеде жаза тарту керек. Бірақ өзгеріс ондай шешімді талап етуге кеден қызметінің құзыреті жетпейді. Зандағы соңғы өзгерістер тек ішкі реттеуге арналған.

«Еуразиялық экономикалық кеңес аясында тауарларды сыныптарға бөлу, навигациялық пломбаларды қолдануа бірыңғай ұлттық оператор тағайындауында жаңа өзгерістер бар. Сондай-ақ заңға тәуекелдер мәртебесінің талаптары анықтау туралы ұғым енгізілгені

жатыр. Олардың конфиденциалды және конфиденциалды емес критерийлерін анықтау мүмкіндіктері бекітілмек. Ал екінші деңгейлі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандырылған ұйымдарға борыштарды қайта құрылымдауға, сыйақылар мен борыштарды есептен шығаруға, тұрақсыздық айыптарын алып тастауға өкілеттіктер берілген», — дейді Мемлекеттік кірістер комитеті Әдіснама департаменті Кедендік Әдіснама басқармасының басшысы Болат Ибраимов.

Сонымен, күні бүгінде жалған транзит мәселесіне қарсы күрес кең көлемде жүріп жатқанымен, бұл мәселе ашық күйінде қалып отыр. Ендеше, жалған транзит Елбасымыздың бастамасымен құрылып, өзінің қалыптасу дәуірін қиын да болса бастап кешіп жатқан Еуразиялық экономикалық кеңестің тиімділігі әлеуетін мансұқтап, жарға жыпаса игі еді.

Жалақымыз неге аз?

(Басы 1-бетте)

Дәулет АСАУ

Осы мысалдан-ақ Қазақстандағы орташа айлық есеппен жұмыс істейтін екінің көруге болады. Ал расында біздің қатардағы жұмысшы қауымының табысы түкке тұрмайтынын төмендегі мысалдан көруге болады.

ЖҰРТТЫҢ ТАПҚАНЫ ТАМАҚТАН АРТЫЛМАЙДЫ

Қазақстанда ең төменгі айлық көлемі — 42 500 теңге, одан алынатын салықтарды есептегенде қолға тиетіні — 37 400 теңге. БҰҰ нормативі бойынша, ең төменгі жалақы сағатына 3\$-дан кем болмауы тиіс. Яғни, ең аз айлық жалақы 740\$-ға тең болуы керек. Тіпті, шығыс аймақтарында соғыс болып жатқан Украинаның өзінде соңғы 5 жылда ең төменгі айлық 4 есе өсіп, бүгінде біздің ақшамен шаққанда 100 000 теңгеден асып отыр.

Енергетиктер рейтингіне қарасақ, Қазақстандағы орташа айлық жалақыға тек ортанқол 5 жүп Nike кроссовкаларын сатып алуға болады. Бұл көрсеткіш бойынша біз әлемдегі 107 елдің ішінде 78-орында тұрмыз. Рейтингіте Швейцария бірінші орында. Онда орташа жалақыға 50 жүп, ал АҚШ-та 46 жүп аяқкиім келеді.

Бір жылдың ішінде әлеуметтік маңызы бар 19 азық-түліктің 7-інің бағасы 20 пайызға, жалпылама алғанда 11 пайызға өсті. Инфляция 7,9 пайызды көрсетті. Бұл ресми статистика, ал шынайы жағдай одан әлдеқайда сорақы екенін өздеріңіз де біліп отырсыздар.

Қаржы сарапшысы Расул Рысмамбетовтің айтуынша, егер 2006 жылы отбасылық бюджеттің тек 10 пайызы азық-түлікке жұмсалса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 50 пайыз болған.

ЖҰМЫСШЫЛАР АЗ ЖАЛАҚЫНЫҢ ӨЗІНЕ ЗӨРУ

Жалақының аздығы жарты қайғы, кейбір жұмысшылар осы аз айлықтың өзін ала алмай жүр. 2020 жылдың қорытындысы бойынша елде кәсіпорындардың жұмысшылары алдындағы қарызы 1 млрд теңгеден асқан. Кейінгі жарты жылда осыған орай жер-жерде ереуілдер де болып өтті. 2020 жылы желтоқсанда Алматыдағы элиталы тұрғын үй кешенін салған жұмысшылар жарты жылдан бері жалақы алмағандықтан ереуілге шықты. Олардың араларында көпбалалы аналар да бар.

Ал 2021 жылы 18 қаңтарында Атырау облысының Қарабаған елді мекенінде Gruppo RF Kazakhstan компаниясынан жалақыларын ала алмай жүрген жұмысшылар көтерілді.



«Бізге ақша жоқ, сондықтан біз жұмысшыларды жалақысыз еңбек демалысына жіберуге мәжбүр болдық. Қазір біз Италиядағы құрылтайшыдан ақша күтіп отырмыз», — депті компания өкілі К.Антими мырза.

«Біз Gruppo RF Kazakhstan ЖШС-ны тексеруді бастадық. Мәліметтер бойынша, компания қызметкерлеріне 20 миллион теңгедей қарыз», — депті Атырау облысы бойынша Мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы бастығының орынбасары Думан Абиев.

Күні кеше ғана, маусым айында Семейдің қоғамдық көлік жүргізушілері мен кондукторлары Seteyev компаниясынан жалақы қарызын төлеуді талап етіп, митинг ұйымдастырды. Мәлім болғаны, компанияның қызметкерлер алдындағы берешегі 65 миллион теңгеге жеткен. Айта кету керек, қала әкімдігі автопарктің 49 пайызының иесі. Ал екінші үлескер Серікжан Қалиев өкімдік мәселені шешуге кіріскен жағдайда ғана елге тиесілі қарызды өтеуге дайын екенін айтқан. Бірақ шенеуніктер жұмысшылардың жалақысын төлеуді кәсіпкердің мойнына іліп отыр. Яғни, автопарк қызметкерлері келісімшартты әкімдікпен емес, жұмыс берушімен жасаған дейді.

Сондай-ақ елімізде білім беру мекемелерінде 5,5 мыңға жуық медбике, 7 мыңға жуық кітапханашы жұмыс істейді, олардың жалақысы, тіпті мардымсыз. Осы кәсіп иелерінің жалақы төмендігіне наразылық білдіріп, облыстық басқармаларға хат жазғаны туралы да деректер құлағымызға жетіп жатыр.

КЕЙ САЛАЛАРДА ЕНБЕКАҚЫ КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Nur Otan» партиясының XX съезінде Денсаулық сақтау саласы қызметкерлерін қолдау туралы айтты.

«Жаңа жаһандық сын-қатерлерді ескере отырып, білім беруге, ғылымға, денсаулық сақтауға,

мәдениет пен спортқа арналған шығыстар ұлғайтылатын болады. Бұл — адами капиталға, еліміздің болашағына арналған стратегиялық инвестиция. Денсаулық сақтауды қаржыландыру көлемі ЖІӨ-нің кемінде 5 пайызына тең. Мүмкін болатын жаңа индустрияға да болу керек», — депті Президент.

Президенттің айтуынша, дәрігерлердің жалақысы 2023 жылға қарай 2,5 есе өсетін болды. Сонымен қатар балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт үйірмелерінің жаттықтырушылары мен мұғалімдердің жалақысын көтеруді тапсырды.

Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев экономика дамыса, жұмыс орындары көбейсе, халықтың табысы да өседі дегенді естіртті. Осыған орай шілде айынан бастап мемлекеттік қызметшілердің жалақысын салалық жіктелуге қарай 30-150 пайызға өсті. Әсіресе, ауыл мен аудандарда жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбек-ақысы көтерілді.

«Бүгінде еңбекақы төлеу жүйесінде жалақының көлемі жағынан орталық пен аудандардың арасында теңгерімсіздік бар. Ол орташа есеппен 70 пайыз. Еңбекақы кестесі лауазымдар иерархиясына негізделген. Сол себепті төменгі деңгейде жұмыс істейтіндер аз ақша алады. Ал мемлекеттік органның дәрежесі жоғары болған сайын еңбекақы да көбейеді», — дейді Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің департамент директоры Жарқын Тілеуқенов.

Оның сөзіне қарағанда, жаңа жүйеде иерархия көп ескерілмейді. Енді жалақы төлегенде лауазымның мазмұнына, қызметтің күрделілігіне мән беріледі. «Жаңа жүйеде қызметкердің өкілеттілігі пен жауапкершілік ауқымы ескеріледі. Сөйтіп, қазіргі басшылық пен қатардағы қызметкерлер арасындағы теңгерімсіздік 70 пайыздан 10 пайызға дейін төмендейді. Жалақы көлемі, әсіресе ауылдар мен аудандарда көп өсіріледі. Ірі калалардағы еңбекақыға аса көп үстеме қосылмайды», — дейді Ж.Тілеуқенов.

Азық-түлік бағасы аспандап барады

(Басы 1-бетте)

Жадыра МҮСІЛІМ

ЖҰМЫС ЖОСПАРҒА САЙ МА?

Былтыр азық-түлік бағасын ұстап тұруға бірнеше млрд теңге қаржы бөлінді. Бірақ бөлінген қаржы азық-түлік бағасын тұрақтандыра алмаған. Сауда және интеграция министрлігі берген мәліметке сүйенсек, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларына апта сайын мониторинг жүргізіледі. Сөйтіп, бағаның қаншаға өскенін тіркеп отыру керек. Айталық, өткен айдағы жағдай бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы жыл басымен салыстырғанда 10 пайызға өскен.

Жыл басынан бері сәбіз — 175,5 пайыз, картоп — 67,7 пайыз, күн-

Өткен айдағы жағдай бойынша тұрақтандыру қорларында 18,7 мың тонна әлеуметтік маңызы бар тауарлар, оның ішінде ұн — 9,7, қант — 3,3, макарон — 1,4, сондай-ақ 0,9 мың тонна күріш бар. Бұдан бөлек, 31,8 мың тонна тауар, оның ішінде 15,9 мың тонна картоп, 5,3 мың тонна пияз, 5,3 мың тонна сәбіз және т.б. жеткізуге форвардтық шарттар жасалыпты. Жергілікті бюджеттерден «айналым схемасы» бойынша жеңілдікті қарыздар беруге 33,2 млрд теңге бөлінген. Бағалардың маусымдық ауытқуы кезінде тұрақтандыру қорларындағы әлеуметтік маңызы бар тауарлар нарықтық бағадан 20-30%-ға төмен, «айналым схемасы» шеңберіндегі тауарлар нарықтық бағадан 25-40%-ға арзан бағала сатылады. Бұлар қарамағал жария қылғанға жақсы көрсеткіштер. Алайда тұрақтандыру қорлары өнімдерінің нарықтағы үлесі 4 пайыздан аспайтынын сөз

әсер ете алмайтынын айтты. Демек, Үкіметтің өзі тұрақтандыру қорларының нарықтағы үлесін әлі де толық анықтай алмағаны белгілі болды. Министрлік бірде 4 пайыз десе, енді бірде 2-3 пайыз дейді. Ал нарықтағы бағаны тұрақтандыру үшін қолданылатын қордың үлесін білмеу, одан қалса бірлескен ақпараттық жүйе құрамыз деу бағаны ұстап тұра алмайды.

КҮРДЕЛІ ӨЗГЕРІС БОЛМАЙДЫ

Экономист Мақсат Сералы ішкі нарықты отандық өніммен 90 пайыз қамтамасыз ету ғана бағаның тұрақтануына сеітпін тигізуі мүмкін екенін тілге тиек етті. Айтуынша, қазір ет өнімдерін экспорттауға тыйым салу қарастырылып жатыр. Бірақ ет өнімдері ішкі нарықты толық қамтамасыз етпейді. Оның үстіне, компаниялардың шетелге шығару бойынша өз келісімшарттары бар. Бұл шектеу келісімшартқа зардабын тигізе ме, оны да қарастыру керек. Әйтпесе, жеткізу бойынша келісімшартты орындамағаны үшін кейбір елдердің «қара тізіміне» жазылып кетуі мүмкін. Одан бөлек, ауыл шаруашылығында шөп тапшылығы туындап тұр. Бұл да ет өнімі, жалпы азық-түлік бағасына



бағыс майы — 21,9 пайыз, пияз — 19,9 пайыз, қарақұмық жармасы — 12,8 пайыз, қант 11,2 пайызға қымбаттапты. Әлеуметтік маңызы бар 19 тауардың 16-сы бойынша баға өсімі байқалған. Десе де, кеспе бағасы тұрақты. Ал күріш — 7,7 пайыз, жұмыртқа 6,1 пайызға арзандаған. Бірақ соңғысының былтыр жыл аяғында қатты қымбаттағанын министрлік назарға алмаған сияқты.

Жыл басында жұмыртқа бағасы шарықтаған еді. Енді 6,1 пайызға арзандаса былтырғы бағасының деңгейіне түскен жоқ деген сөз. Ал ресми ақпараттарда «баға төмендеді» деп берілді. Бұқараның көңілін аулауға таптырмаз тәсіл.

Енді министрліктің бағаның өсу себептерін түсіндірген қисынына үнілейік, Тісті мекемелер көкөністердің маусымдық баға өсімі ішкі қорлардың қысқаруы мен кымбат бағадағы импорттың әсерінен де болып отыр деп біледі. Сондықтан азық-түлік тауарларының өнірілі тұрақтандыру қорларын қалыптас-тыру және «айналым схемасы» шеңберінде жеңілдікті қарыздар беру арқылы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жол бермеу шараларын қарастырыпты. Айталық, жыл басынан бері тұрақтандыру қорларынан 24,5 мың тонна азық-түлік нарыққа шығарылса, қорға 9,3 мың тонна сатып алынған.

басында айттық. Демек, Үкімет пен әкімдіктердің бағаны тұрақтандыруға шамасы жете қоймайтын тәрізді. Өйткені механизм әлі де болса ескі.

ЭКСПОРТҚА ТЫЙЫМ САЛЫНБАҚ

Азық-түлік бағасын тұрақтандыру жөніндегі жұмыс шеңберінде экспортқа тыйым салу шаралары енгізілуі мүмкін. Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтановтың айтуынша, ведомство азық-түлік бағасын ұстап тұра алмайтын көрінеді. Бар мәселе — азық-түлік қауіпсіздігі көрсеткіштерін уақытылы қамтамасыз ету. Ал бұл үшін өнім болуы керек. Осы бойынша министрлік жұмыс істеп жатса керек. Оның сөзіне, мемлекеттік органдарды дер кезінде ақпараттандыру үшін Ауыл шаруашылығы министрлігімен және басқа да мемлекеттік органдармен бірлесіп арнайы ақпараттық жүйе құрылады. Онда азық-түлік нарығындағы ахуал бойынша жедел деректер жинақталмақ. Соның негізінде тиісті шаралар қабылданады. Атап айтқанда экспортқа тыйым салу құралдары пайдаланылуы мүмкін. Бұдан басқа, ел аумағынан ұсақ және ірі қара малдың аналық басын алты ай мерзімге екетуге уақытша тыйым салынды. Осылай деген министр тұрақтандыру қорлары нарықтың 2-3 пайызын ғана жабады және азық-түлік бағасына әрдайым тиімді

әсер етеді. «Қой еті базарларда 3 мыңнан асып кетті. Алдыңғы аптада ғана 3 200 еді, бұл аптада — 3 600. Сұраныс көп. Меніңше, экспортқа тыйым салу бағаның тұрақтауына күрделі өзгеріс әкелмейді», — дейді экономист.

ҚАЙТПЕК КЕРЕК?

Экономистің пікірінше, Еуразиялық Одақ, ДСҰ-ның шарттарын қатаң орындай отырып, жеңілдік жасауды қолға алған жөн. «Қазақстандағы сол категориядағы тауарлар өндірілетін болса, шетелден келетін импорттық тауарларға белгілі бір шектеу жасау керек. Бұл отандық кәсіпорындардың дамуына алып келеді. Сөйтіп, отандық өнімдер ішкі нарықты қамтамасыз ете бастайды. Өйткені қазір бағаның өсуі тікелей ішкі нарықты қамтамасыз етпеудің салдарынан болып тұр. Доллармен келетін импорттық тауарларды тұтынамыз», — дейді экономист Мақсат Сералы.

Екіншіден, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтайтын қоймалар жоқ. «Көкөніс, жеміс-жидек пен мал өнімдері болсын, қысқы уақытта дейін жеткізетін қойма тапшы. Қазіргі жағдайда шаруалардың өз өнімдерін сақтайтын қойма жасауға жағдайы жоқ. Сол үшін жергілікті әкімдіктер шаруалардың жағдайын жасап, бірақ қысқы уақытта осыныша бағамен сата-сыздар деген келісім жасау тиімді болады», — деп сәлісім экономист.

Жаңа оқу жылы қалай басталады?

Жаңа оқу жылы қалай басталады? Жаңа оқу жылының басталуына санаулы күндер қалды. Оқу дәстүрлі форматта өтеді. Оған білім сапасының төмендеуі себеп болды. Дегенмен ата-аналар тарапы алаңдап отыр. Өйткені мұғалімдер толық вакцина алмаған өңірлер бар. Оның үстіне, оқушыларға вакцина салатын мерзім белгіленген жоқ. Күзде тұмаудың тағы өршітіні бар. Білім сапасын ойлап оқушылардың денсаулығын тәуекелге тікпейміз бе?

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

ОҚУШЫЛАР ЕКПЕ АЛА МА?

Үкімет отырысында оқу жылының дәстүрлі форматта өтетіні ресми түрде хабарланды. Осылайша, олар көпшіліктің көкейінде жүрген сұраққа жауап берді. Әрине, мектеппен қоса балабақша, колледж бен жоғары оқу орындары да офлайн форматта білім береді. Айта кетерлігі, мемлекеттік балабақша болсын, жекеменшік балабақша болсын, балалар мекемесіне барады. Педагогтердің вакцина алу жағы да ескеріледі. Мұны біз Денсаулық сақтау министрінің мәлімдемесінен білдік.

Оның айтуынша, елімізде мұғалімдер мен мектеп қызметкерлеріне вакцина салу аяқталған. Ендігіде 18 және одан жоғары жастағы студенттерге вакцина салу басталған. Цой мектептегі мұғалімдерді вакциналау аяқталғанын айтқанымен, Аймағамбетов білім мекемелеріндегі педагогтердің 93,1 пайызы індетке қарсы екпе алғанын мәлімдеді. Соның ішінде қызметкерлердің 88,4 пайызы вакцина салдырған. Кос ақпаратты не үшін салыстырып отырмыз? Өйткені төмендегі



Алексей Цойдың сөзінен кейін біршама сұрақ туғаны бар.

«Қолданыстағы заңнама мен эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, мектептерде дәстүрлі форматқа көшу үш ай ішінде ауырып жазылған, тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдарды қоспағанда, мұғалімдер мен қызметкерлерді 100 пайыз вакциналаудан кейін мүмкін болады», — деген еді ол.

Сонымен, барлық қызметкері мен педагогі 100 пайыз екпе алмаған мектеп дәстүрлі форматқа көшпей ме? Мәселен, Маңғыстауда ұстаздардың 74 пайызы екпе алғаны айтылады. Иә, Алматыда білім мекемелерінің барлығы 100 пайызы екпе алған. Сұраққа жауап таппағанын тиісті орындарға сауал жолдадық. Олардың айтуынша, оқу жылы нақты дәстүрлі форматта өтеді. Ал вакцина турасында әлі де ақпарат беріледі. Екпе алмағандар апта

сайын ПТР-тест тапсыратын жайт мұғалімдерге қатысты болуы мүмкін.

Оқушыларға келсек, ата-аналар тарапынан қос министрлікке сауал көп. Себебі кейінгі аптада елімізде індет жұқтырғандардың саны 10 пайызға көбейген. Бірақ Аймағамбетов оқудың дәстүрлі форматта жалғасатынын, егер сыныптан бір оқушыдан вирус анықталатын болса, аталған сынып қана қашықтан оқитынын баса айтты. Оған бөлек, өткен оқу жылындағыдай ата-аналар арнайы өтініш жазып, баласын қашықтан оқыта ала ма? Өйткені бұрын олар офлайн оқу үшін осындай өтініш толтырған-ды. Бұл сұраққа министр үзілді-кесілді «жоқ» деп жауап берді. Ата-анасы, туысы немесе өзі вирус жұқтырған оқушы ғана белгілі бір уақытта қашықтан білім алады. Ал оқушыларға вакцина салу турасында Денсаулық сақтау министрлігінің жауабы

дайын. Олар Pfizer вакцинасының келгенін күтіп отыр. «Қалай келеді, солай вакцина салуды бастаймыз. Әрине, ата-аналарының ақпараттандырылған келісімімен ғана», — деп жауап берді ДСМ.

ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛАДЫ?

Білім және ғылым министрлігі дәстүрлі формат деп бекініп отырғанымен, эпидемиология қарайтындыры жоққа шығармады. Вирустың таралуы көбейіп кеткен жағдайда, олар Б жоспарын іске қосуға дайын. Оның үстіне, өткен жылғы IV тоқсандағы аралас форматтағы білім беру дағдылары көмек береді деп отыр.

«Жаңа оқу жылында оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және денсаулығын сақтау үшін арнайы санитарлық-эпидемиологиялық шаралар қабылданды. Барлық мектеп, колледж бен университеттегі қызметкерлер мен білім алушылар маска киюге міндетті. Білім беру ұйымдарында күнделікті термометрия, желдету, кварцтау, дезинфекциялау шарасын жасайды. Студенттер, педагогтер мен басқа қызметкерлер Ashyq жүйесі арқылы ғимараттарға кіргізіледі. Жұмыскерлердің вакцина алуы да ерекше маңызға ие. Бұл жұмыс әлі де жалғасады. Бұған қоса, мектептерде қосымша ауысымдар ұйымдастырылып, үзілістер уақытын әр уақытқа белгілеп, «бір сынып — бір кабинет» жүйесі жұмыс істейді. Барлық бұқаралық іс-шараға тыйым салынады», — деді министрлік.

Осы тұста оқу жылының өзгерісі деп Ashyq-ты айтсақ болады. Соның ішінде оқушылардың да жүйеге тіркелуі пысықталып жатыр. Қалай десеніз, оқушыда мұндай мүмкіндік болмаса, бірге келген ата-анасы да жүйеден өтеді. Министр әлеуметтік желіде өткен тікелей эфирде егер ата-анасында «сары» немесе «қызыл» түс көрсетсе, оқушы үйіне қайтағын туралы айтқан-ды. Ыстығы көтеріліп

тұрған оқушыны да мұғалімдер үйіне қайтаруы тиіс. Олар белгілі бір мерзімге дейін қашықтан оқиды.

«Ең алдымен, Ashyq жобасын қызметкерлер, педагогтер, балабақшаларға баласын әкелетіндер пайдаланады. Бұл жоба ең алдымен ересектер мен студенттерге арналған. Біз мектеп оқушыларына не істейтіні туралы әлі шешім қабылдамадық. Оқу жылы ішінде уәкілетті органмен бірігіп бұл мәселені қараймыз», — деген еді министр.

«Әліппе» оқу бағдарламасына енген 2021-2022 жылғы оқу жылының тағы бір жаңалығы оқу күндеріне байланысты өрбиді. Өйткені өткен оқу жылында алты күндік оқу аптасында білім берген мектептер бар екен. Аталған мектептер бес күндік жүйеге оқу процесін лайықтай алмаған. Биыл да сол мекемелер алты күндік оқу режимін жалғастыруы мүмкін. Одан кейін мектептер бес күндік оқу аптасын тиімсіз деп тапса, өздері шешім шығарып, кейбір сынып сабақтарын алтыншы күнге ауыстыра алады.

І қыркүйектегі алғашқы қоңырау салтанатына келсек, оған бірінші сынып оқушылары ғана қатыса алады. Өйткені оларға «Әліппе» мен «Букварь» табыс-талады екен. Соған сәйкес, санитарлық норманы сақтау міндетті. Ал 2-11 сынып оқушыларына сынып сағаты ұйымдастырылады.

Шешім қабылданып, шаралар тізбесі жасалса да, мектептегі эпидемиология не боларына алаңдайтын ата-аналар бар. Олар вирустың таралуы одан сайын көбейе ме деп қорқады. Бірақ таразы басында білім сапасы тұрғанын, ұлқызының лайықты білім алғанын қалайтыны тағы бар. Көпшілігі «алдымен барып, оқып көрсін, сыныптастары арасында вирус жұқтырғандар көбейіп жатса, онлайн форматқа көшуді сұраймыз» деп отыр. Ал министр оқуын жүрдім-бардым оқып, мамандық игеруге мән бермей жүрген студенттердің аяғына тұсау салыныптына дән риза.

Бұл күні қоғамның қауіпсіздігін сеніп тапсырған адамдардың өзіне сенім азайып барады. «Ет сасыса тұз себесің, тұз сасыса не себесің?» деуші еді ескілер. Қылмыс жасаған құқық қорғаушылар жайлы естігенде осы сөз еріксіз еске түседі. Иығына погон таққандардың арасында азаматтарға зорлық көрсеткендер шығып жатыр. Мұны қызметін қылмыс үшін пайдалану дейміз бе, әлде «адамдықтан жүрдей» деп айыптаймыз ба, әйтеуір қоғамға үлкен залал тигізіп жатқаны анық.

Погон тақса да, қылмыс жасайды

Мадияр ТӨЛЕУ

Жақында ғана Алматы облысының Қарасай аудандық соты «әйелді зорламақ болды» деп айыпталған («Зорлау» және «Қылмысқа оқталу» баптары) Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бұрынғы қызметкерін 9 жылға бас бостандығынан айырды. Ақпаратқа қарағанда, айыпталушының аты-жөні Сабыржан Нарынбаев екен. 1989 жылы туған. Алматы облысының Ұлттық қауіпсіздік департаментінде жедел уәкіл ретінде жұмыс істеген. Сот оны капитан атағынан айырды. Ал оқиға былай өрбеген. Жәбірленуші Аяя Өмірзақова оқиға 2020 жылы қыркүйек айында болғанын айтқан. Ол жігітпен ұрысып қалып, көшеде жалғыз өзі жылаған. Оған бейтаныс ер адам келіп, жанашырлық кейіп танытып, үйіне жеткізіп тастайтынын айтқан екен.

«Ол діни уағыздар айтып, қиын кезде көмектен бас тартуға болмайтынын жеткізді», — дейді жәбірленуші. Бұдан соң қыз келісіп, көлікке отырған. Ал жүргізуші жұрт сирек жүретін жерге апарып, қызды «ұрып-соғып, зорлауға тырысқан».

«Ол көліктен шығып, жүксалғышты ашты. Не алғысы келгенін білмеймін. Осы сәтті пайдаланып, қашып шықтым. Ол қуды. Мені қуып жетіп, ұра бастады. Шашымнан сүйреп, көлікке қайтадан апармақ болды. Мен айғайладым, ол менің аузымды жабуға тырысты. Мен жерден бір ұшты топшырақ алып, оған қарай шаштым. Осы кезде ол мені бірден босата салды. Біз жаққа қарай бір көліктің келе жатқанын көрдім. Ол соны көре сала өзінің көлігіне отырып, қашып кетті», — дейді жәбірленуші.

ТҰЗ САСЫСА НЕ СЕБЕСІҢ?

Құқық қорғаушылар зорлау санатындағы қылмысқа көп қатысатын тәртізді. Мәселен, ай басында Екібастұзда қыз зорлағаны үшін айыпты болған жоғары лауазымды полиция қызметкері жұмысынан босатылды. Осы оқиғаға қатысты бірінші болып заңгер Елена Семенова дабыл қаққан еді. Оның айтуынша, осыдан жарты жыл бұрын полициялар есірткі заттарын таратты деген күдікпен 22 жастағы қызды ұстады. Алдымен оның жеке заттарына тінту жүргізіп, артынан тергеу амалдарын бастау үшін полиция бөлімшесіне өкетеді. Бірақ түн мезгілінде күдіктіні жалдамалы пәтерге



апарған. Заңгер Елена Семенова «олар пәтерге кірген кезде сол майор диванда отырыпты. Бел-меде тағы бір адам болған. Оның полиция қызметкері екенін ол таңертең ғана біледі. Бес минут өткеннен кейін майор қызды қорқыта бастайды. Ата-анасына қысым көрсетіп, бұл жайтты БАҚ арқылы тарататынын ескерткен. Ал бойжеткеннің қарсыласуға дәрмені жетпеген», — дейді. Қазір майор жұмыстан қуылғаны болмаса, жарты жылдан бері сотталған жоқ. Тергеу енді басталған. Неге істі қозғау кешеуілдегені беймәлім.

Быттыр да қыз зорлап, елді дүрліктірген полицейлер аз болмады. 2020 жылдың басында Түркістан облысында 16 жастағы жасөспірімді үш жыл бойы зорлап келген бұрынғы полиция қызметкері Сәкен Сейітжапаров 15 жылға бас бостандығынан айырылған болатын. 2013 жылдан бастап полиция жасөспірімді жиі зорлап жүрген, оған қоса «егер бұл жайтты біреуге айтсаң, онда интимдік сипаттағы фотосуреттер мен видеоны желіге салып жіберемін» деп қорқытқан. Баладан мезгіл сайын ақша бопсалаған. Соңғы алты жыл ішінде осы зорлау ісі бірнеше рет көтерілді. Бірақ дәлел жеткіліксіз деген желеумен әр кез оны орта жолдан жауып тастап отырған.

Быттыр жаз ортасында Балқашта полиция қызметкері көмелетке толмаған қызды зорлады деген күдікпен ұсталды. Оқиға 2020 жылы шілде айының басында болған. Қылмысқа күдікті полиция қызметкері өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып, көмелетке толмаған саяжайдағы көршісін қорқытып, жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүрлеген. Полиция қызметкері жәбірленушінің маришуана шеккені үшін қылмыстық айыптаулармен қорқытқан. Абырой болғанда, қыздың анасы

полицияға шағымданып, қылмыс әшкереле болған еді.

БІЛІКТІ КАДРЛАР ДАЯРЛАУ ҚАЖЕТ

Қоғамның барлық саласына қатысы бар тәртіп сақшыларының мәртебесін көтеру мен материалдық-техникалық жағдайын жақсарту бұл саладағы бүкіл мәселені шешіп тастамасы анық. Өйткені түйткілді түп себебі кәсіби білікті кадр даярлауға барып тіреледі. 2018 жылғы халықтан Назарбаев Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев құқық қорғау органдарының жұмысына сапалы өзгерістер қажет деп, Үкіметке «Ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі жол картасын» қабылдауды тапсырған болатын. Содан бері біраз өзгеріс болып жатыр. Әйткенмен полицейлердің қоғамға жақын болудағы мәселелері қазір де тым көп. Талай жыл ПМ-нің білім саласында қызмет еткен запартағы полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов бүкіл мәселе білікті кадрларға келіп тірелетінін айтады.

«Қатардағы полицей кәсіби маман, құрыштан құйылғандай денсаулығы мықты, рухани бай болмай, ішкі істер саласының көші түзелмейді. Осы саланың ыстығына күйіп, суығына тонып қызмет атқарған мен полиция мамандарын даярлайтын білім ордасындағы материалдық базаны дұрыстамамақ, білікті кадрлармен қамтамасыз етпесек, мамандарды оңда төрт жыл дайындамақ, қалған өнгімен бәрі курсанттардың құлағына бөйіт оқумен бірдей деп санаймын», — дейді ол.

Қорыта айтсақ, полицейлердің өзі қылмысқа көптеп араласа бастаса, қоғамның көңіліне жаппай селкеу түсері анық. Бұл тұрғыда келешек құқық қорғаушыларды тек заң аясында оқыта бермей, рухани мәселелерін де шешкен абзал тәртізді.

Жетісу жастарының жарқын жетістіктері

Алматы облысында жастардың әрбір жарқын ісіне жан-жақты қолдау көрсетіледі. Олардың жақсы бастамалары ешқашан жарты жолда қалмайды. Дарындылардың мүмкіндігін ел алдында паш етуге де қажетті жағдай қарастырылған.

Быттыр Junior Eurovision — 2020 байқауында жерлесіміз Каракат Башанова II орынды иеленді. Биыл Витебскіде болған «Славянский базар» халықаралық фестивалінің Гран-при жүлдесін жерлесіміз, әнші Рухия Байдуkenова жеңіп алды. Токиода өткен Олимпиада ойындарында ел намысын қорғап, қола жүлдегер атанған ауыр атлет Игорь Сон 2015 жылы Жетісу төрінде өткен Алматы облысы әкімінің «Көшбасшы» жастар сыйлығының «Үздік жас спортшы» аталымында топ жарса, грек-рим күресінен Азия чемпионы атанған Демей Жадыраев 2017 жылы «Үздік жас спортшы» аталымында жеңіске ие болды. Талдықорғандағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12- сынып оқушысы Сесім Ертанұров әлем бойынша бақ сынаған 55 мың үміткердің ішінен топ жарып, Гарвард университетінің оқу грантына ие болғанын да мақтанышпен айтуға болады.

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де, білім жастардың қолында. Жетісулық жастарымыздың жеткен жетістіктері мұнымен шектелмейді. Алдағы жылдарға артып отырған үмітіміз де үлкен. Өйткені жоғарыда айтқанымыздай, облыста болам деген жасқа қажетті қолдаудың барлығы көрсетіледі. Облыс әкімінің бастамасымен аудандарда жастарға қызмет көрсету орталықтарына арналған мекемелер бөй көтеріп, болашақта ауылдардағы дарынды, білімді жастардың алдынан данғыл жол ашылады.

Алматы облысының аудандық және қалалық мәслихаттарында 65, облыстық мәслихатта 6 жас депутат бар. Соның нәтижесінде жастармен тұрақты түрде байланыс жасап, түйткілді мәселелерінің шешімін табуға үлес қосатын «Облыстық жас депутаттар» лигасы құрылды.

Облыс аумағында жұмыс жүргізетін балалар үйінің саны біршама азайғанымен әлі күнге дейін бірнеше мекеме осы іспен айналысып келеді. Еліміз егемендік алғаннан күні бүгінге дейін өңіріміздегі балалар үйлерінен 1 541 тұлғалық өмірге жолдама алған. Олармен тығыз байланыста болып, қоғамда өз орнын табуға, тұлғалық дамуына қолдау көрсету өзекті мәселелердің бірі екені анық. Соған сай осы мақсатта «Алматы облысының балалар үйі тұлғаларының қауымдастығы» құрылған. Қауымдастық мақсаты — балалар үйіндегі және одан кейінгі өмірін бақылауда ұстау, балалар үйінен шыққан тұлғаларды жұмыспен қамту және психологиялық қолдау көрсету.

Жастардың бос уақытын тиімді үйлестіру, маргинал және НЕЕТ санатындағылармен жұмыс жүргізу және жастарды әлеуметтендіру бағытына негізделген Natyus жобасы аясында танымал спортшылармен кездесулер, шеберлік сағаттары ұйымдастырылды. Шараға маргинал, девиантты, жұмыссыз жастар және қандастар қатысты. «Жетісу Жайдарман» лигасы облыс аумағында 7 000 жасты қамтып, әр аймақтағы көңілді тапқырлардың басын қосты. Нәтижесінде, республикалық лигаларда шамамен 30 команда өнер көрсетеді деп болжап отырмыз.

Президенттің биылғы 5 қаңтардағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы аясында «Тәуел-

сіздік ұрпақтары» грантын тағайындау туралы» қаулы қабылданды. Жоба аясында мемлекет тарапынан түрлі саладағы дарынды жастарға гранттар тағайындалады. Осынау игі іс облысымызда да жарасымды жалғасып, бірнеше жоба қолға алынды. Соның бірі — «Жас ғалым» жобасы өңір жастарының ғылыми әлеуетін арттыруға, жас кәсіпкерлердің тұлғалық және кәсіби дамуына септігін тигізеді. Ғылыми жобалардың байқауына Алматы облысындағы ғылыми танымал мен қызығушылығы бар кез келген жас қатыса алады. Ал «Жасталант» өнер байқауы өңірдегі шығармашы жастарды іріктеп қана қоймай, түрлі мәдени бағыттарға қызығушылығы барларын қолдау арқылы, оң қоғамдық пікір қалыптастыруға үлес қосады.

Биылғы пандемия уақытындағы ауырталықтарға қарамастан, жұмыла жұмыс істеген ерікті жастарды да айрықша айта кеткен жөн. Олар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көтерген «Қайырымды істер» марафонын барынша қолдап, орындауына үлес қосып жатыр. Талдықорғандағы Жастарға қызмет көрсету орталығында «Мейірімді Жетісу» облыстық фронт-кенесі ресми түрде ашылып, азаматтарды еріктілер қатарына тарту, көмекке мұқтаж жандарға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында жұмыстар атқарылып жатыр. Аудан-қалалардағы фронт-кенеселердің қызметкерлері еріктілер қатарын нығайту үшін белсенді үгіт-насихат қызметін жүргізеді. Облысымыздағы еріктілер жұдырықтай жұмылып, демеушілерді тарту арқылы 30 000-нан астам отбасына әртүрлі көмек көрсетіп, 100 000-нан астам беттерде таратты, 9 000-ға жуық қайырымдылық акциясын ұйымдастырды.

Ортақ іске мүмкіндіктерініше үлес қосқан облысымыздың белсенді 15 еріктісі Президент К.Тоқаевтың «Халық алғысы» медалімен марапатталды.

Жыл басынан бері еріктілер ұйымының саны көбейіп, 95 бірлікке жетті, 7 мың ерікті тіркелді (2021 жыл басында 36 ұйым, 4012 ерікті). Жастардың бастамаларын қолдауға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс көлемі 2 есеге арттырылып, биыл 76 млн теңге бөлінді. Мемлекет басшысы айқындаған еріктіліктің жеті бағыты және «Қайырымды істер марафоны» аясында облыста 1 216 акция өткізілді. Мұқтаж болған 75 отбасы баспаналы болып, 9 мың отбасына 170 млн теңгеге азық-түлік себеттері таратылды. «Біргеміз: Таза әлем» жобасы аясында 50 мың адамның қатысуымен 134 экологиялық акция ұйымдастырылып, 41,8 мың түп ағаш отырғызылды. «Егю — жаршысы» жобасы аясында 100 ерікті өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарында тұрғындарға қызмет атқарды.

Шілде айының 9-11 күндері Қапшағай қаласындағы «Балдуурен» оқыту-сауықтыру орталығында «Қайырымды істер марафоны» жалпыұлттық жобасы аясында ASYL JUREK ең үздік волонтерлік топтар көшбасшыларының дәстүрлі республикалық слеті ұйымдастырылды.

Бұл істердің барлығы жастардың әлеуетін көтеруге, бастамаларын дамытуға және жаңа бағыттарға жол сілтеуге арналды.

Елдар САПАРОВ,

Алматы облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы

ТҮЛҒАЛАРЫМЫЗДАН АЙЫРҒАН КЕСАПАТ



Коронавирус пандемиясы адамзатқа оңай тиіп жатқан жоқ. Әлем коронавирустың алдында қауқарсыз күй кешуде. Жер бетін жайпаған індет тыйылар емес. Соңғы бір жылда COVID-19 індетінен қаншама жақсы мен жайсаңымыздан айырылып қалдық. Бұл дертке тоқтам бар ма?

АЙЫМ БЕКТҮР

Сәуір айында бірнеше тұлғамыздан айырылып қалдық. Олардың қатарында белгілі саясаттанушы Дастан Қадыржанов та бар. Ол 54 жасында өмірден өтті. Жақындары мен әріптестерінің айтуынша, ковид жұқтырып, ауруханаға түскен екен. Өкінішке қарай, бұл дерттен айықпастан көз жұмды.

ӨНЕР МЕН ҒЫЛЫМДАҒЫ ОРЫНДАРЫ ОЙСЫРАДЫ

Дастан Қадыржанов түрлі саяси мәселе туралы сараптамалар жазып жүрген мықты маманның бірі еді. Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген, мамандығы – тарихшы-шығыстанушы. Ол Сыртқы істер министрлігінде, телеарналарда жұмыс істеген. «Отанның жүрегі» және «Мейібан баланың оқиғасы» кітаптарының, «Үлкен жалғыздықтың кішкене хикаялары» атты өлеңдер жинағының авторы.

Сәуір айында өмірден өткен тағы бір тұлға – Ким Серікбаев. Әскери ғылымдар докторы, полковник 88 жасқа қараған шағын-

да коронавирус дертінен көз жұмды. Ол ауруханада 5 күн жатып, емделген.

Ким Серікбайұлы 1934 жылы Ақтөбе облысында дүниеге келді. Қазақ мемлекеттік университетін, Уфа әскери училищесін және Мәскеу әскери академиясын бітірген. 1956-1966 жылдары Киыр Шығыс, Мәскеу, Орта Азия әскери оқу орталықтарында взвод, рота, батальон командирі, штаб бастығы, полк командирі болып қызмет атқарған. Әр жылдары Мемлекеттік қорғаныс комитеті төрағасының кеңесшісі, Президент аппараты жанынан құрылған қорғаныс бөлімінің жетекшісі және өзге де жауапты қызметтерді атқарған.

Қазақтың сүйікті актрисасы Ғазиза Әбдінәбиева да коронавирустың құрбаны. Мұхтар Әуезов атындағы қазақ ұлттық академиялық драма театрының актрисасы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері, актриса 72 жасында өмірден озып кетті. Ол Қазақ ұлттық консерваториясының «Актёрлік шеберлік» факультетін бітірген. Консерваторияның 4-курсанда оқып

жүріп, 1969 жылы Ф. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрына қабылданады. 1969-1993 жылдары осы театрда еңбек етті. Сондай-ақ ол «Сіз кімсіз, Ка мырза?», «Біржан сал», «Кемпір», «Зауал» сияқты

Біз коронавирустың салдарынан өмірден өткен барлық қайраткерді, журналистерді, елдің алдында жүрген азаматтардың есім-соынын тізіп шығуды мақсат тұтпадық. Тіпті, бытыр өмірден өткен тұлғаларды да қоспадық. Тек пандемияның қаншалықты қауіпті екенін, ұлт мәдениеті мен әдебиетіне, руханиятына қандай соққы жасағанын суреттегіміз келді...

бас-аяғы 20-ға жуық фильмде ойнаған.

ЖАЗУШЫЛАРДАН ДА АЙЫРЫЛДЫҚ

Қазақтың дара ақындарының бірі Есенғали Раушанов 16 сәуір күні өмірден өтті. Ол 1957 жылы Қарақалпақстанның Хожелы қаласында дүниеге келген. Еңбек жолын Өзбекстанның Жызак облысы Мырзашөл ауданындағы

«Достық» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып бастаған. Кейін «Жалын» журналында бөлім меңгерушісі, «Арай» журналында поэзия бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, «Зерде» журналының бас редакторы, 1995 жылдан бастап, «Жазушы» баспасының директоры болған. Ақын энциклопедиялық білімге ие, үш тілді қатар меңгерген полиглот, қайраткер еді. Өмірінің соңғы жылдары Жазушылар одағында басшылық қызмет атқарды.

Коронавирус дертінен тағы бір Халық жазушысы қайтыс болды. Жазушы Қаблеш Жұмаділ 85 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Ол 1936 жылы 24 сәуірде Шыңжаң өлкесінің Тарбағатай аймағы Малдыбай ауылында дүниеге келген. 1956 жылы Қытай үкіметінің жолдамасымен Алматыға келген. Ол өз естелігінде: «Жазушылықтың азап екені рас. 20 томдай кітап жазыппын. Бұл – тілеп алған ауруым. Мен өмірімді қайта бастасам, тағы да жазушы болу жолын тандар едім. Бұл кәсіптің рақаты – алған сыйлығың, ата-баба да емес. Әр кітапты бітіріп, соңғы нүктесін қойған кезінде жүрегіңді бір қуаныш билейді. Ол сәттегі ләззатты ештеңеге айырбастай алмайсың. Қоғам-

нан мезі болғанда тарихи роман жазудың рақатына батамын. Сол кезінде сен ежелгі адамдармен сөйлескендей боласың, билермен, хандармен, бағырлармен бір табактан ас ішіп, дәмдес боласың, осының бәрі рақат. Бұл рақатты тек қалам ұстаған жазушы түсінеді» деген екен.

Жазушы бар ғағайты қалам мен қағаздан тапты. Соның арқасы болар, оның қаламынан

10 роман туды, 20-дан астам повесть жазды. Одан бөлек, 70-тен астам әңгімесі бар.

АТАМЕКЕНІН ӘНМЕН ТЕРБЕП ӨТТІ...

30 сәуірде қазақтың тағы бір талантты ұлы, композитор Ескендір Хасанғалиев өмірден озып кетті. Ол 1940 жылы 13 ақпанда Батыс Қазақстан облысында туған. 1959 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының вокальды-хор факультетін, 1978 жылы Әл-Фараби атындағы Шымкент мәдениет институтын бітірген. Өмірін өнерге арнаған композитордың «Атамекен», «Әдемі», «Асыл арман», «Өмірдің жазы», «Ескірген махаббат» әндері елге танымал. Қазақтың ән өнеріне зор үлес қосқан тұлға. Шығармашылық ғұмырында орыс, татар, неміс ақындарының өлеңдеріне де ән жазған. 200-ге жуық ән, романс және хорға арналған шығармалардың авторы.

Белгілі қазақстандық актер Әлімғазы Райымбеков 19 қаңтарда 86 жасқа қараған шағында өмірден озып кетті. Актер 1936 жылы 1 желтоқсанда Алматы облысында дүниеге келген. Алғашқы еңбек жолын ауылда жүргізуші болып бастаған. 1965 жылы алғашқы «Ән қанатында» фильмінің спорттық іс-шараларына шақырту алады. 1966 жылы «Қылы кезен» фильміне түседі. 1968 жылы қазақ киносының інжумаржанына айналған «Тақиялы періште» кинофильміндегі Тайлақтың ролін ойнады. Актер бытыр 20 желтоқсанда 85 жылдық мерейтойын атап өткен еді. Оның 10 баласы, 22 немересі және 20 шөбересі бар. Актердің фильмографиясында «Қан мен тер», «Ән қанатында», «Асуда», «Көк маршрут» сияқты 10-нан астам танымал картина бар.

Биыл шілде айында Қазақстанның Халық ақыны Әселхан Қалыбекова да өмірден озып кетті. Ол 1950 жылы 22 сәуірде Түркістан облысы Отырар ауданы Шәуілдір ауылында туған. Белгілі халық ақыны Ерғөбек Құттыбайұлының ұрпағы. Ақынның айтыс өнеріне қосқан үлгі-өнегесі мол. Әселхан Қалыбекова – айтыс әлемінде

алып самурыққа ұқсайтын, қанатымен дауыл тұрғызып, екпінмен найзағай ойнататын, елінің сүйікті перзентіне айналған аяулы тұлға. Республикалық, халықаралық айтыстарда топ жарып, намысты қолдан бермеген, от ауызды, орақ тілді, арқалы ақын.

Белгілі дінтанушы, шығыстанушы, исламтанушы ғалым Әбсаттар қажы Тербісәлі де пневмониямен жүрек дертінен көз жұмды.

«Бұл – бүкіл қазақ руханиятына ортақ ауыр қайғы. Әбсаттар Бағысбайұлы бүкіл саналы ғұмырын имандылыққа арнап, асыл дініміздің тура жолын халыққа дұрыс жеткізу ісіне өлшеусіз еңбек сіңірді. Еліміздің Бас мұфті лауазымында жүрген уақытта қажы ағамызбен қызмет барысында жолығып тұрдық. Қай кезде де өзінің кең мінезімен, терең білімімен, парасатты болмысымен руханият биігінен көрініп, еліміздегі ұлтаралық келісім мен дінаралық татулықтың өркен жаюына өлшеусіз үлес қосқан жан еді. Әбсаттар қажы ағамыздың зиялы болмысы, еліне сіңірген еңбегі, жазған рухани шығармалары, қамағатты иман жолына шақыруда айтқан ақыл сөздері ешқашан тозбас рухани қазына болып халқымыздың мәңгілік сақталады. Марқұмның жатқан жері жарық, топырағы торқа болып, нұры пейіште шалқысын» деп жазды Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева.

Жазушы Қуанышбай Құрманғали, режиссер Александр Пономарев, белгілі театр және кино актері Лияс Тұрманов, суретші Әбілқасым Сәрсенбаев та коронавирустың құрбаны.

Біз коронавирустың салдарынан өмірден өткен барлық қайраткерді, журналистерді, елдің алдында жүрген азаматтардың есім-соынын тізіп шығуды мақсат тұтпадық. Тіпті, бытыр өмірден өткен тұлғаларды да қоспадық. Тек пандемияның қаншалықты қауіпті екенін, ұлт мәдениеті мен әдебиетіне, руханиятына қандай соққы жасағанын суреттегіміз келді...

Өтпеген-ай, бұл дертке тоқтам болып, жақсылар өлмес болса...

Ауыл әкімдері сайлауы-2021

ЖАСТАР ДА ӘКІМ АТАНДЫ

Ел тарихындағы елеулі оқиға саналатын ауыл әкімдерін тікелей сайлаудың алғашқы кезеңінің өткеніне де жарты айға жуық уақыт болды. Шілденің 25-і күні өткен сайлауда 730 ауылдың әкімі халықтың тікелей дауыс беруі нәтижесінде сайланған еді. Сайланған әкімдердің арасында жастар да, әйелдер де, экс-әкімдер де, партия мүшелері де, партиясыздар да бар. Қысқасы, Президент Қ.Тоқаевтың тапсырмасы негізінде ұйымдастырылған шара «ақ пен қара, сары мен сұры» деп бөлінуге жол бермей, әкім болуға ниет танытқандардың қолын қаққан жоқ.

Ардақ СҰЛТАН

Негізі, елімізде алғаш рет өткізілген ауыл әкімдерін тікелей сайлаудың түрлі артықшылығын атап өтуге болады. Әлбетте, бірінші кезекте демократияландыру үрдісін тереңдететінін алға тартатынымыз сөзсіз. Екіншіден, сайлау заңнамасына енгізілген өзгерістер негізінде алғаш рет бюллетеньде «бәріне қарсымын» дейтін графа тұрды. Сөйтіп, бұрын наразылығын бюллетенді бұздырып, барлық үміткердің тұсына айқын бергісін қойып кету арқылы білдіретін азаматтар көңіл күйін бюллетень арқылы нақты көрсете алатын болды. Үшіншіден, ауыл әкімдерін сайлау барысында партиялардың бәсекесі қыза түсті. Жанадан сайланған көптеген ауыл әкімі «Nur Otan» партиясының мүшесі болғандықтан немесе партия атынан ұсынылғандықтан, биліктегі саяси күштің ауылдағы өкіліне айналғанымен, өзге партиялардың жергілікті жерде билікке келуіне мүмкіндік туды.

Мәселен, барлық әкімнің 86 пайызы немесе 627 адам «Nur Otan» өкілі болса, 33 адам «Ауыл», 15 адам ADAL, 11 адам «Ақжол», 10 адам Қазақстан халық партиясынан, 1 адам ЖСДП-дан сайланды. Партиясыздар қатарынан 33 адам әкім болғаны тағы бар. Бұл жағдай биліктің демократиялық реформаларды тереңдетуге айрықша назар аудар-

ғанына азаматтардың көзін жеткізеді. Оған билікке ұдайы оппозицияда жүрген саяси күштер өкілдерінің сайлауда жеңіске жеткені. Төртіншіден, осы жолғы сайлау жастар мен әйелдерге зор мүмкіндік берді. Әрине, партияларға жастар мен әйелдерге арналған жеке квота енгізу заңмен міндеттелген болса, ауыл әкімдерін сайлау барысында мұндай міндет болған жоқ. Керісінше, жастардың өз белсенділігі жоғары болды.

Жалпы, жас азаматтардың ауыл әкімі болып сайлануға ұмтылысының бірнеше мультипликативті әсері бар. Біріншіден, жастардың ауылдан кетуін белгілі мөлшерде азайтуы мүмкін. Егер жас азаматтар әділ сайлау арқылы әкім болып сайланып, ауылды жерлерде өз мүмкіндіктерін пайдалана бастаса, ол ауыл-аймақтағы жас азаматтардың сенімін нығайтады деген сөз. Әрине, бұл жерде жанадан сайланған ауыл әкімдері қандай табысқа жетеді, олар қолдағы мысалдай мүмкіндікті қалай пайдаланды дейтін сауалдарға жауап беру өзекті болып қалары сөзсіз. Дегенмен жастардың ауылға қайта назар аударуына бұл сайлаудың ықпалы болары сөзсіз. Сонымен қатар бұл сайлау жастардың тұтас мемлекетке, билікке деген сенімін арттырады. Әрі олардың саяси үрдістер араласуына түрткі болады. Тіпті, партия атынан қатысатын жастарға қарағанда әкім сайлауына

қатысатын азаматтардың ұстанымы шынайы болуы мүмкін. Өйткені олар өздеріне сенгендіктен, сайлауға түскені сөзсіз. Айталық, Маңғыстау облысында ең жас ауыл әкімі 25 шілдеде сайланды. Ол – 26 жастағы Қуаныш Жәнібекұлы дейтін азамат. Қ.Жәнібекұлы Маңғыстау ауданы Оңды ауылдық округінде сайлауға түсіп, тұрғындардың қолдауына ие болған. Ал жамбылдық Қуандық Ерсайын 28 жасында ауыл әкімі болып сайланды. Әрине, ауылдарға 25-35 жас аралығындағы азаматтар әкім болып сайлануы мүмкін. Кезінде 28-30 жастағы азаматтар министр болып та тағайындалған. Бірақ тағайындалу мен сайланудың жөні бөлек. Алғашқылар білімі мен білігі немесе мықты тірегі арқылы жоғарыдан, жергілікті

Жалпы, ауыл әкімі болып сайлануға тәуекел еткен барлық жастар алдынан қандай қиындық шығуы мүмкін екенін саналы түрде түйсінді деп білеміз. Онсыз тәуекелге барудың пайдасы жоқ.

тұрғындардың көзқарасы, талап-тілегі ескерілместен тағайындалса, соңғылары халыққа өз бағдарламаларын таныстырып, дауыс берушінің көңілінен шығудың барлық амалын қарастырған соң ғана әкім болып сайланады. Әрі сайланған әкімдер бұқараның үнемі өздерін бақылап, аңдып отыратынын, әр бас-



тама мен жобаны халыққа ұдайы түсіндіріп отыру қажет болатынын да біледі. Демек, әкім сайлауына қатысқан жастар үлкен тәуекелге барып отыр деген сөз. Одан бөлек, осынау тәуекел мен жауапкершіліктің өте ауыр екенін де ескеру қажет. Өйткені көптеген ауылда инфрақұрылымы нашар,

ауылына әкім болып сайланған Бекболат Махшар ауылды шама-шарқынша түлетуге құштар. Аймақта туризмді дамытпақ ниеті бар екенін де айтқан. «Құжаттармен, ауылда жүргізілуі тиіс жобалармен детанысып шықтым. Елді біріктіріп, кәсіп ашқысы келетіндерді қолдамақпын. Мәселен, Сілеті көлінің жағажайында жер телімін бөліп жағажай ашса, демалыс лагерлерін ұйымдастырса, шаңғы төбетін арнайы орын әзірлесек деген жоспарым бар. Бұл үшін аудандық және облыстық депутаттармен де сөйлестім. Олар қолдап отыр» деген еді Бекболат Махшар. Әрине, айтуға оңай болғанымен, Сілеті ауылы – ел астанасынан 160 шақырымдай жерде орналасқан елді мекен. Ірі жолдардан қысы жатыр. Әйгілі Көбейтүз көліне баратын автожолдың тұсында болғанымен, қиыстан 50-60 шақырым жүру қажет. Демек, көлді көпшілікке таныстырып, инвестор тарту, туристерді қызықтыру

оңай шаруа емес. Мұндай істе креатив болу қажет. Шамасы, оны жас әкім біліп отырса керек.

Жалпы, ауыл әкімі болып сайлануға тәуекел еткен барлық жастар алдынан қандай қиындық шығуы мүмкін екенін саналы түрде түйсінді деп білеміз. Онсыз тәуекелге барудың пайдасы жоқ. Ертен қиындықтарға шыдамай, қызметінен бас тартар болса, жастарға деген сенім тіптен азая түседі. Аға буын мен жастар арасындағы қайшылық ұлғаяды. Мұның барлығын жас әкімдер білгені анық. Сол себепті ауыл әкімдерін сайлау шарасының маңызы да артып отыр.

Айтпақшы, ауыл әкімі болып сайланған нұротандықтардың 14,2 пайызы 35 жасқа дейінгі жастар екен. Бұл дегеніміз – кемі 89 жас әкім сайланды деген сөз. Оған өзге партиялардан сайланған азаматтарды қоссақ, жас әкімдер саны 100-ге жетіп қалатын шығар. «Жас келсе, іске!» дейтін тағы бір сәт келген сияқты.

Ақмолада орман өрті жиіледі

Ала жаздай болған аптап ыстық ауыл шаруашылығымен қатар орман шаруашылығына да орасан зор зиянды тигізіп келеді. Еліміздің орманды аймақтарының бірі – Ақмола облысында да тұтанған тілсіз жаудың салдарынан сыңсыған қарағай мен қайың-теректі ормандарды өрт шалған оқиғалар жиілеп түскен.



Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

Жергілікті төтенше жағдайлар қызметі өңірдегі орман өртінің шамадан тыс көбейіп кеткенін айтып дабыл қақты. Олардың мәліметінше, тек соңғы бір аптада ғана облыс аумағында 5 рет орман өрті тіркелген. Жасыл желектің өртенуін тоқтату үшін облыстық Төтенше жағдайлар департаменті жергілікті атқарушы билік өкілдерімен бірлескен шаралардың жүргізіліп жатқанын айтты. Бірақ бұл шаралардың, өкінішке қарай жеткіліксіздігі айтылмай қалмады.

Жергілікті төтенше жағдайлар қызметі өңірдегі орман өртінің шамадан тыс көбейіп кеткенін айтып дабыл қақты. Олардың мәліметінше, тек соңғы бір аптада ғана облыс аумағында 5 рет орман өрті тіркелген. Жасыл желектің өртенуін тоқтату үшін облыстық Төтенше жағдайлар департаменті жергілікті атқарушы билік өкілдерімен бірлескен шаралардың жүргізіліп жатқанын айтты. Бірақ бұл шаралардың, өкінішке қарай жеткіліксіздігі айтылмай қалмады.

Ведомствоньң мәліметінше, жазда, өрт қаупі бар маусым басталғаннан бері облыс аумағында 1 200-ден астам рейд шарасы ұйымдастырылған. Тек жыл басынан бері 93 орман және 5 ірі дала өрті тұтанған. Өрт шалған орман алқабы 6 669 гектарға жетіп, шығынның жалпы көлемі 6 миллион теңгеден асып түсіпті. Әсіресе, қалың қарағай мен қайыны мол Бұрабай мен Зеренді аудандарында орман жиі өртенеді екен. Мұнда сәйкесінше 30 және 18 орман өрті тіркеліпті. Сондай-ақ Ақкол ауданында – 13, Біржан сал ауданында – 11, Сандықтау ауданында – 7, Бұланды ауданында – 5, Степногорск қаласында – 3, Көкшетау қаласы мен Ерейментау ауданында – 2, Целиноград ауданында 1 орман өрті болған.

«Әрине, халықты ақпараттандыру мен өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға бағытталған

жұмыстар жүйелі жүргізіліп келеді. Әсіресе, жергілікті атқарушы органдармен бірлескен шаралар тұрақты түрде өткізіледі. Орман алқаптарын «Қазәуеорман қорғау» акционерлік қоғамының 3 әуе тобы аспаннан тұрақты түрде шолып отырады. Жер үстінде шолып, тексеру үшін шамамен 200 адамнан тұратын 56 мобильді топ құрылған. Дегенмен осындай жұмыстар атқарылып жатса да, апат айтып келмейді. Өрт бірінен кейін бірі тіркеліп жатыр. Өрт тұтануына әкеліп соққан оқиғалар бойынша заңсыз іс жасағандар жауапкершілік арқалауда», – дейді Ақмола облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Манарбек Шапағатов.

Аталған өртке қарсы мобильді топтар мынанан астам рейд шарасын ұйымдастырған. Нәтижесінде, 147 адам өкімшілік жауапкершілікке тартылған. Олардың 134-не ескерту берілсе, 13 адамға 644 мың теңге мөлшерінде айыппұл салынған.

Биылғы қатты ыстықтан, жиі жай түсуудің салдарынан ормандағы өрттің саны артқан. Мәселен, қыр басындағы құрғақ шөптің тұтануынан шыққан өрт «Бұқа» ірі орман шаруашылығының қарағайлы-қайыңды ормандарына әп-сәтте жеткен.

Қызыл жалын 50 гектарға жуық аумақты шарпыған. Дегенмен өрт сөндірушілер орманның толықтай жанып кетуіне жол бермеді. Алайда 1,5 гектардан астам жердің ағаштарына зиян келген.

– Орман өрті сөндіру үшін оған ең алдымен кіру қиын. Оған қоса, ағаштың үстіңгі жақтарының жанып кету қаупі күшті. Ал қайың мен қарағайдың басы тұтанса, оны тоқтату оңай емес. Ондай кезде өрт сөндірушілердің өздеріне де қатер төнеді. Сонымен бірге өртенген орманның орны біраз уақыттан кейін қайта жануы мүмкін. Сондықтан оны 10 сағатқа дейін бақылауға аламыз. Биыл орман өртінің көбеюіне күннің ыстығы мен найзағай ойнап, жайдың көп түсуі де себеп болды. Дегенмен жағдайды қиындатып тұрған ол ғана емес. Орман шаруашылықтарында заманауи стансалар мен тиісті техникалар жетіспейді. Ал өрт сөндірушілер кейде белгілі бір себептерге байланысты оқиға орнына дер кезінде жете алмауы мүмкін. Бұл өрт шалған жерлердің көбейіп, оны дер кезінде тоқтатуға қиындық келтіреді, – дейді Манарбек Шапағатов.

Біз орман шаруашылықтарындағы нақты жағдайды анықтау мақсатында облыстық Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасымен

айыру жазасына кескен дұрыс деп тапты. Ал Кантер-Скрипкина бойынша, сот оның кінәсін мойындап, ісіне өкінетінін, тергеуге көмектескенін, қылмысты ауырлатып жағдайлардың жоғын ескеріп, үш жыл бас бостандығынан айыру жазасын белгіледі. Екі сотталушы да өмір бойы мемлекеттік қызметте еңбек етуі құқығынан айырылды, – дейді судья Саян Аққожин.

Біз орман шаруашылықтарындағы нақты жағдайды анықтау мақсатында облыстық Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасымен

Ақмола облысы

де тілдестік. Бірақ басқарма басшысы техниканың жетіспеушілігі мәселесінің жоқ екенін алға тартты.

«Облыс орман шаруашылықтарында техника қоры жеткілікті. Оған қоса, осы жақында Конституция күніне орай тағы 20 трактор, «Уазик» сияқты көлік бөлініп, техникаларымыз жанартылмақ. Әрине, биыл қуаншылыққа байланысты орман өрті көп болды. Дегенмен орманда ағаштардың өртеніп кетуі сирек. Бірен-саран ағаштар өртенгені болмаса, жағдай қалыпты. Үлкен өрт болған жоқ. Биыл 1 300 гектарға жуық ағаш отырғызылды. Керісінше, орманда өрт болған жағдайда өрт сөндірушілер жеткенше біздің орманшылар өрттің 30-40 пайызын өздері сөндіріп тастайды», – дейді басқарма басшысы Руслан Әубәкіров.

Ал ормандар мен аң-құстардың жайына тікелей жауапты орган Ақмола облысы орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы сәл өзгеше дерек келтірді. Бұл ведомство да ыстық ауа райы мен жауын-шашынның жоқтығы өрттің көп болуына ықпал еткенін жеткізді.

– Мемлекеттік орман қорларында бүгінде дейін 76,5 гектар орман алқабында 93 өрт болды. Шығын сомағының жалпы көлемі 14 миллион 202 мың теңгені құрады. 160 текше метр орман тұптамдырымен күлге айналды. Орман өртінің басым бөлігі жай түсуден, ыстық пен қатты желдің салдарынан болғаны анықталды. Қазір инспекция өртке қарсы мемлекеттік қызмет органдарымен бірлесіп, қызметтік тергеу жұмыстарын жүргізіп жатыр, – дейді аумақтық инспекция басшысы Лашынтай Дүйсенов.

Қысқасы, қай мекеме қандай дерек келтірсе де, бәрі Ақмола ормандарында өрттің жиі шығатынын мойындайды.

Ақмола облысы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Telegram желісіндегі ресми арнасы жуырда Шымкент қаласы Мәдениет басқармасының лауазымды тұлғалары аса ірі көлемде пара беруге әрекет жасады деген күдікпен ұсталғанын жариялады. Бірақ нақты кім екені, басқарманың өзінің қызметкері ме, әлде оған қарасты мекемелердің басшылары мен лауазымды тұлғалары ма, ол жағын ашып айтпады. Ал бұқара пара бермек болған шендінің кім екенін біле алмай әуре.

80 миллион теңгені пара ретінде ұсынған



Назгүл НАЗАРБЕК

Онда «Шымкент қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі агенттікпен бірге Шымкент қаласының Мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының лауазымды тұлғаларын өшкереледі. Олар мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына бюджет қаражатын жымқыру фактісі бойынша қылмыстық істі тоқтатқаны үшін 80 млн теңге сомағында аса ірі мөлшерде пара беруге әрекет жасады деп күдіктелді» деп жазылған.

Бүгінде аталған тұлғалар ұсталып, Шымкент қаласы ПД уақытша ұстау изоляторына қамалған. Іс бойынша тергеп-тексеру жүргізіліп жатыр.

Алайда бұл ақпарат тараған соң Шымкент қаласының Мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы ресми мәлімдеме жасады.

«Әлеуметтік желілер мен БАҚ-та жарияланған материалдарға сәйкес мынаны мәлімдейміз: Шымкент қаласының Мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының лауазымды тұлғалары (басшы, басшының орынбасарлары) барлық жұмыс орнында екенін назарларыңызға жеткіземіз. Сонымен қатар еңбек демалысында жүрген 3 маманнан басқа қызметкерлер де түгел жұмыс орнында. Басқармаға құқық қорғау органдары тарапынан ресми хат келіп түскен жоқ» делінген Шымкент қалалық Мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының Instagram-дағы ресми парақшасында. Сөйтіп, басқарманың лауазымды тұлғалары жұмыста екенін мәлімдеп үлгерді. Бірақ басқармаға қарасты бірнеше мекемедегі лауазымды тұлғалар түгел ме, мәселе сонда болып тұр.

Әдетте мекеме басшылары мен олардың орынбасарлары, тіпті бас есепшілері де лауазымды тұлғалардың қатарына жатады. Антикор жариялаған ақпаратта дәл осындай лауазымдағы тұлға

лардың бірі туралы айтылған болуы ғажап емес. Ал ұсынылған 80 миллион деген аз ақша емес.

Біздің пайымдауымызша, дәл мұндай ірі сома кемі жартымиллиардтық есепті жабу үшін берілсе керек. Егер жымқырылған ақшаның 5-10 мың доллар, тіпті 100 мың доллар болғанның өзінде оны жабуға 80 миллион теңге ұсыну қисынсыз болар еді. Бұл сомаңыз 200 мың долларға жақын. Демек, кім де болса, өте көп мөлшердегі бюджет қаржысының жымқырылуы мен ысырабы үшін қозғалған істі жабуға талпынған деген сөз. Тіпті, ұсталған тұлғалар өздерінен жоғары тұрған шенділердің тапсырмасын орындаған болуы да мүмкін. Өйткені Шымкент қаласының Мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасына қарасты кітапхана, музей сияқты мекемелер үшін бұл сома өте қомақты. Әрі әдетте олар мол қаржыны игеруге қатыстырыла да бермейді. Бәлкім, содан да шығар, шымкенттіктер арасында қазір түрлі болжам айтылып жүр. Олардың бірақтары Наурыз мейрамы үшін жұмсалған 565 миллион теңгенің ізін жасыруға бағытталған іс болуы мүмкін екенін айтқан. Дегенмен мәселенің ақ-қарасы тергеу аяқталған соң белгілі болары сөзсіз. Ал өзгеріп жүрт бұл ашып қана жүр.

Айтпақшы, Шымкентте Наурыз мерекесін тойлауға 565 миллион теңге жұмсалған деген шудың шыққанына біраз болды. Осы қаржыға тапсырыс беруші – «Шымкент қалалық мәдениет үйі» концерттік ұйымы МҚКК болып танылған. Басшысы Сәкен Майғазиев. Бұл туралы Zertteu_kz жобасы өзінің әлеуметтік желілері паракшасында хабарлады. Барлық сатып алу тікелей бір көзден алу тәсілімен өткені де заңсыз екені айтылған. Кейін әкімдікке жақын құрылымдар мен шенділерді жақтаушы блогерлер «мұншама қаржы жұмсалған жоқ, ол жылдық шараларға бөлінген сома» дегенге саясатын түрлі уәж айтқан еді.

Шымкент қаласы

Сот та сотталды

Соттың өзі сотталып жатыр. Иә, Қарағандыда өзгеше үкім шығаратын сот істі болып, бас бостандығынан айырылды.

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ

Биылғы 6 айда Қарағанды облысы соттарына 1 128 қылмыстық іс келіп түскен. Бұл 2020 жылға қарағанда 8 іске көп. Оның 916-ы адам сотына қатысты. 782 іс үкім шығарумен ғана шектелсе, 887 істе 801 адам сотталды. Олардың қатарында судья да бар. Бірақ ол жалғыз емес, сыбайласымен бірге сотталды.

БІР ҚЫЛМЫС – ЕКІ СОТТАЛУШЫ

Сот процесі мамырда басталды, сотталушылар ақпан айынан бері уақытша қамау изоляторында отырған болатын. Міне, 10 тамызда Қарағандыда паракорлық жасалды деп айыпталған судья мен заңгер ісі бойынша үкім шықты. Сот Қа-

рағанды облыстық ауданаралық экономикалық сот судьясы Ержан Ғабдуллин «Оливия» компаниясының заңгері Елена Кантер-Скрипкинадан пара ретінде 10 мың еуро және 3 миллион теңге ақша алған» деген қорытынды жасады.

Судья Ғабдуллин «алаяқтық жасады» және «пара алуға итермеледі» деп айыпталып, 9 жыл бас бостандығынан айыру жазасына кесілсе, заңгер Кантер-Скрипкина «пара беруге тырысты» деген айыппен 3 жылға түрме жазасын алды. Судьяның пәтерін тінту кезінде табылған 10 мың еуро мен 3 миллион теңге мемлекет есебіне төркелінді.

– Ғабдуллинге қатысты сот оның антты бұзғанын және қылмысын сот билігінің беделін түсіретінін қатерге алды. Сондықтан сот оны 9 жыл бас бостандығынан

айыру жазасына кескен дұрыс деп тапты. Ал Кантер-Скрипкина бойынша, сот оның кінәсін мойындап, ісіне өкінетінін, тергеуге көмектескенін, қылмысты ауырлатып жағдайлардың жоғын ескеріп, үш жыл бас бостандығынан айыру жазасын белгіледі. Екі сотталушы да өмір бойы мемлекеттік қызметте еңбек етуі құқығынан айырылды, – дейді судья Саян Аққожин.

БӘРІ ДЕ ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ САЛДАРЫ

Тергеу мәліметтері бойынша, арендалық тұрғын үй құрылысы бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсының нәтижесін даулап жатқан «Оливия» ЖШС өкілі, заңгер Кантер-Скрипкина судья Ғабдуллиннен өзі қалайтын шешім шығаруға атсалысуы сұраған. «Басқа судья қарап жатқан іс бойынша жағымды шешім шығартуға көмектесемін деп уәде берген Ғабдуллин 10 мың еуро және 3 млн

теңге көлемінде пара алған» делінген сот материалында. Кантер-Скрипкина айыбын мойындап, өкінетінін айтқан. Ал Ғабдуллин кінәсін мойындамайтынын, ақшаны ескі танысы Кантер-Скрипкина «мазасын алып, қонырау шала бермес үшін» уақытша алып, кейін қайтарып бермек болғанын айтты. Бұрынырақ болған жарысөзде мемлекеттік айыптаушы Ғабдуллинді 6 жылға, ал Кантер-Скрипкинаны 3 жылға бас бостандығынан айыруды сұраған. Ғабдуллиннің қорғаушысы оны толық ақтауды өтінесе, Кантер-Скрипкинаның адвокаты жеңіл жаза беруді сұраған. «Ел боламын десең, бесіңді түзе» дейді қазақ, ол барлық тәрбие бесіктен басталады дегені. Ал «Ет сасыса түз себеміз, тұз сасыса не себеміз?» деп ашығанда айтқан. Әділ деген сотымыз сотталып жатыр. Енді не дер екенбіз?

Қарағанды облысы

Жұмыс орны ашылып, гранттар берілді



Осы жылдың 7 айында Қарағанды облысында мемлекеттік бағдарламалар бойынша 18 мың жұмыс орны құрылды. Сондай-ақ осы уақыт ішінде өңір тұрғындарына жаңа бизнес идеяларды іске асыру үшін 685 грант берілді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен онлайн брифингте Қарағанды облысының Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Төлеу Мұхтар мәлімдеді.

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ

– Өз ісімен айналысқысы келетіндер үшін «Бастау Бизнес» мемлекеттік бағдарламасы бар, онда кәсіпкерлік негіздері оқытылады және жаңа бизнес идеяларды іске асыруға 583 мың теңге сомағында өтеусіз грант немесе жеңілдікті мөлшерлемелер бойынша микрокредит алуға болады. Осы жылдың 7 айында жоба

бойынша оқуға 1 538 адам жіберілді. Бағдарлама қатысушыларына 685 грант және 471 шағын несие берілді. Шағын несиелер негізінен мал шаруашылығына, өсімдік шаруашылығына, азық-түлік пен киім өндірісіне, халыққа қызмет көрсетуге, ТҚС ашуға, жолашылар мен жүк тасымалына берілді, – делі Төлеу Мұхтар.

«Бастау Бизнес» бағдарламасы бойынша оқудан өту үшін тұрғылықты жері бойынша жұмыспен

қамту орталықтарына жүгіну қажет. Онда толық кеңес алуға болады.

Сондай-ақ өңірде жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын көрсету үшін «Еңбек», «Жұмыспен қамтудың Жол картасы» және басқа да бағдарламалар іске асырылып келеді. Биыл олар 75 мыңнан астам адамды қамтуды жоспарлап отыр. Оның ішінде «Еңбек» бағдарламасы бойынша 41 000 адамды, ЖКЖК аясында – 800 адамды, басқа бағдарламалар бойынша 33 700 жұмыссызды жұмысқа орналастыру қажет.

– 7 айдың қорытындысы бойынша «Еңбек» бағдарламасымен жұмыспен қамту шараларымен 25 мыңға жуық адам қамтылып, 21 мыңнан астам адам жұмысқа орналастырылды. Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар мен дағдылар бойынша қысқамерзімді кәсіптік оқытуға 930 адам жіберілді. Жастар тәжірибесінде 653 адам орналастырылды, қоғамдық жұмыстарға 5 571 адам тартылды. «Бірінші жұмыс орны» бағдарламасы бойынша 80 адам жұмыс тапты. Барлық мемлекеттік бағдарламалар аясында 18 мыңнан астам жана жұмыс орны ашылды, – делі Төлеу Мұхтар.

Халықтың әлеуметтік аз қамтылған топтары да мемлекеттен қолдау алады. Облыс бойынша атаулы әлеуметтік көмек 3 521 отбасына бөлінеді. Кепілдендірілген әлеуметтік пакет 1 жастан 6 жасқа

дейінгі 3 967 балаға тағайындалды. Сонымен қатар АӘК алушыларға 2 566 дәрі-дәрмек қобдишасы берілді.

– Мүгедек адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін өңірде әлеуметтік қызметтер порталы құрылды, ол арқылы мүгедек адамдар оналту құралдары мен қызметтерін тікелей жеткізушілерден өздері сатып ала алады. Олар арнайы әлеуметтік қызметтерді ресімдей алады, оналтуды техникалық құралдарына тапсырыс бере алады, ымдау тілі маманының, жеке көмекшінің, санаторий-курорттық емдеудің қызметтеріне жүгіне алады, – деп атап өтті спикер.

Мемлекет тарапынан оналтудың техникалық құралдары мен қызметтерінің құнын өтеу тетігі көзделді. Портал қосымша тұтынушы қымбат тауарлар мен қызметтерді таңдаған кезде қосымша ақы төлеу мүмкіндігін қарастырады. 1 тамыздағы жағдай бойынша портал арқылы 19 335 техникалық оналту құралы мен қызметтерін тапсырыс берілді, олардың 14 328-і орындалды.

Сонымен қатар осы жылдың шілдесінде облыс тұрғындарына ынғайлы болу үшін 1414 нөмірі бойынша бірінғай Call-орталық ашылды, онда әлеуметтік портал жұмысы туралы сұрақтарға жауап алуға болады.

Қарағанды облысы

«Ломбард «Сенімді іргетас» ЖШС тауар белгісі (Бірінші ломбард) 2021 жылғы тамыз айының 13, 20, 27 күні, сағат 12.00-де кепілге қойылған мүліктердің сатылымы өткізілетіні туралы жариялайды. Мекенжайымыз: Алматы қаласы, Ақсай-2 ықшамауданы, 10-үй. Тел: 8(727) 268-40-37.

ТОО «Ломбард «Сенімді іргетас» товарный знак (Бірінші ломбард) объявляет о проведении торгов залогового имущества 13, 20, 27 числа августа 2021 г., в 12.00 часов по адресу: г. Алматы, мкр. Ақсай-2, д. 10. Телефон: 8(727) 268-40-37.

АРА- Вау ЖШС сатып алынбаған кепілдет мүліктері: бұйымдар алтыннан жасалған №1-№811 лот бойынша сұлау жариялайды:
Бастапқы бағасы:
1. 585 сынаманың 1 санатындағы бұйымдар – 15 093 теңге/грамм
2. 585 сынаманың 2 санатындағы бұйымдар – 16 603 теңге/грамм
3. 585 сынаманың 3 санатындағы бұйымдар – 18 112 теңге/грамм
4. 750 сынаманың 1 санатындағы бұйымдар – 19 350 теңге/грамм
Аукцион 10.00-де 24.08.2021 жылы Нұр-Сұлтан қаласы, Баянауыл ауданы, №1 үй, КБ 2 мекежесінде бойынша ағылшын әдісімен өтеді.
Аукционға қатысу үшін өтініштер келесі мекежедегі бойынша қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Баянауыл ауданы, №1 үй, КБ 2. Тел. 8 (701) 797 30 53.
Кепілдік жарна сомағы ұсынылған соманың 5%. Аукцион басталған уақыттан 1 сағат бұрын өтініштерді қабылдау тоқтатылады. Төлем жасау шарты 100% 5 жұмыс күні ішінде.
Деректемелер: АРА Вау ЖШС, БСН 160540006474, ЖСК KZ27551X125000016KZT, БСК KSNVZKA, КБ 17
«Фридом Финанс Казахстан банкі» АҚ
Сенімді тұлға: Конусов Алтынбек Балхасбекович.

ТОО АРА Вау объявляет торги невязкуленного залогового имущества: изделия из золота и драгоценных камней с №1-№811 лотам
Стартовая цена:
1. Категория 1 изделия 585 пробы - 15 093 тенге/грамм
2. Категория 2 изделия 585 пробы - 16 603 тенге/грамм
3. Категория 3 изделия 585 пробы - 18 112 тенге/грамм
4. Категория 1 изделия 750 пробы - 19 350 тенге/грамм
Аукцион состоится 24.08.2021 года в 10.00 по английскому методу по адресу: г. Нур-Султан, р-н Баянауыл, д. №1, ВП 2.
Заявки на участие в аукционе принимаются по адресу: г. Нур-Султан, р-н Баянауыл, д. №1, ВП 2, тел: 8 (701) 797 30 53.
Сумма гарантийного взноса – 5% от заявленной суммы. Прием заявок прекращается за 1 час до проведения торгов. Условия оплаты 100% в течение 5-ти рабочих дней
Результаты: ТОО АРА Вау, БИН 160540006474, ИИК KZ27551X125000016KZT, БИК KSNVZKA, КБ 17
АО «Банк Фридом Финанс Казахстан»
Доверенное лицо: Конусов Алтынбек Балхасбекович.

Әншілер айыппұл арқалады



Алматыда бургер орталығының ашылуына қатысқан әншілерге айыппұл салынды.

8 тамыз күні Royal Tulip Алматы қонақүйінде отандық әншілердің қатысуымен Black Star Burger орталығының ашылуы өтті. Алматы қаласы Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Сәдуақас Байғабыловтың айтуынша, ойын-сауық мекемелерінің иелері әкімшілік жауапкершіліктен және ірі айыппұлдардан сытылып кету үшін жеке адамдарға немесе

әртүрлі жеке кәсіпкерлерге бұл орындарды жалға береді.

— Royal Tulip Алматы қонақүйінде шектеу және карантин талаптарын бұзу фактісі бойынша әкімшілік өндірісті қарау барысында мыналар анықталды: шектеулі карантин талаптарының бұзылуын ұйымдастырушы — «Култасов Е.М.» ЖК Royal Tulip Алматы ол азаматқа келісім бойынша жаздық алаңқайын жалға берген, — деді Сәдуақас Байғабылов.

Жеке кәсіпкерге «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнама талаптарын, сондай-ақ гигиеналық нормаларды бұзу» бойынша хаттама толтырылып, шара қолданылды. Айыппұл 230 АЕК-ті (670 мың теңге) құрауы мүмкін. Сондай-ақ сол шараға қатысқан әнші Луина мен оның жұбайына, әнші Бүркітке 30 АЕК (шамамен 87 мың теңге) көлемінде хаттама толтырылғаны мәлімделді.

А.ЖОЛДАС

«Астана» қарсыласына жол берді



UEFA конференция лигасы үшін іріктеу сатысында «Астана» Финляндияның КУПС командасынан жеңіліп қалды.

Қос клуб арасындағы алғашқы кездесу 1:1 есебімен аяқталған еді. Бүгінгі кездесуде екі команданың бірі жеңіске жетіп, келесі кезеңге жолдама алатыны белгілі. Сол үшін матч басталысымен, ойыншылар қарқынды шабуылға көшкенді.

Бірінші таймда «Астана» сапынан Тигран Барсеян мен Абат Айымбетов гол соқты. Ойыншылардың сенімді шабуылынан кейін бір үміт жалт ете қалған. Алайда екінші таймда КУПС сапынан Ранжел 53-минутта есеп айырмасын қысқар-

тқан. Артынша бұл аз дегендей хет-трик авторы атанған ол таразы басын теңестірді. Қарқынға қарқын қосқан «Астананың» қарсыласы 77-минутта отандастарымызды қапы қалдырды. Осылайша, «Астана» қарсыласынан 3:4 есебімен жеңіліп, жарыс жолынан шығып қалды.

Сондай-ақ бүгін аталған турнирде Қостанайдың «Тобыл» командасы сырт алаңда Словакияның «Жилина» командасымен кездеседі. Ал Қарағандының «Шахтері» Украинаның «Колос» клубынан басым түсті. Еуропа лигасында Алматының «Қайраты» сырт алаңда Арменияның «Аслагертмен» матч өткізеді.

А.ЖАНАСЫЛ

ФИФА рейтингінде 124-орындамыз



Халықаралық футбол қауымдастығы федерациясы (ФИФА) ұлттық құрамалардың жаңартылған рейтингін жариялады.

Аталған рейтингте 1 822 ұпаймен Бельгия құрамасы көш бастап тұр. Бразилиялықтар екінші орын алса, үздік үлгікті Франция құрамасы түйінделді.

Ал Қазақстан құрамасы 1 144 ұпаймен 124-орынға тұрақтады. Мұның алдындағы рейтингте де

құрамамызға осы орын берілгенді. Айта кетерлігі, футболдан Ресей 41-орында, Өзбекстан құрамасы 83-орында, Қырғыз Республикасы 101-орында тұр. Тәжікстан футболшылары да бізден 8 орынға жоғары орналасқан.

Еске салсақ, Талғат Байсуфинов жаттықтыратын ұлттық құрама 4 маусымда Солтүстік Македониядан 4:0 есебімен жеңіліп қалған еді.

Айбике ЖАНАСЫЛ

Олимпиада 100 жылдан кейін Парижге қайта оралады

Жазғы Олимпиада ойындары араға бірнеше жыл салып, қайтадан Еуропаға оралады. Халықаралық Олимпиада комитеті 3 жылдан соң Парижде алауы тұтанатын Олимпиада ойындарының уақытын бекітті.

Абылайхан ЖҰМАШ

Франция астанасындағы жазғы Олимпиада ойындары 2024 жылы шілденің 26-ы мен тамыздың 11-і аралығында өтеді деп жоспарланатын отыр. Былтыр қыркүйек айында ХОК тұңғыш рет өз тарихында екі жазғы Олимпиаданың өту орнын бір уақытта жариялаған болатын. Осылайша, 2024 жылы Олимпиада ойындары Парижде, ал 2028 жылы Лос-Анджелесте өтетіні белгілі болды.

Жақында Токиода өткен жазғы Олимпиада ойындарының туы Париж қаласына табысталды. Осылайша, келесі XXXIII жазғы Олимпиада ойындары 2024 жылы Франция астанасында салтанат құрады. Халықаралық Олимпиада комитетінің басшысы Токио Олимпиадасының жабылу салтанатында Томас Бах туды Париж қаласының мэрі Анн Идальгоға ұстатты. Париж мэрі Анн Идальго бастаған француз делегациясы мен атлеттер құрамасы Токиодан еліне Олимпиада туын алып оралды. Олимпиада туын табыстау рәсімі Эйфел мұнарасы маңында ұйымдастырылды. Салтанатты шараға Франция президенті Эммануэль Макрон және Токиода жарыс жолына шыққан спортшылар да қатысты.

Жалпы, Франция үшін бұл өзгеріс өткізілгені оған алтыншы олимпиада ойыны. Француздар бұған дейін 1924 жылы Шамониде, 1968 жылы Гренобльде, 1992 жылы Альбервильде қысқы Олимпиада ойындарын да ұйымдастырып еді.

Белгілі болғандай, Париждегі спорттық жарыс 36 спорттық объектіде өтеді. Олардың 26-сы бұрыннан бар кешен. Тек кейбірі қайтадан жаңартылды. 8 спорттық кешен уақытша жарыс алаңында дайындалды. Ал 2 жаңа спорттық кешен Олимпиадаға дейін салынбақ. Жанартылған Stade de France стадионында жеңіл атлетикадан барлық жарыстар өтеді. Сонымен қатар әлемдік дүбірлі доданың ашылуына жабылу салтанаты осы стадионда ұйымдастырылады. Ролан Гаррос кешенінде теннис пен бокс бәсекелері өтеді.

Жарыс қожайындары Олимпиада кезінде Еуро-2016-дағы



стадиондарын да пайдаланады. Атап айтқанда, жанкүйерлер Тулуза, Марсель, Бордо, Лилль, Лион, Сент-Этьен мен Ниццада футбол ойындарын тамашалайды. Ал жағажай волейболдың матчтары Эйфел мұнарасының етегіндегі Шам де Марста өтеді. Велоспорттық жарысы Елисей алаңында, ал триатлон мен ашық суда жузу Сена өзенінің бойында болады. Өзге де спорт түрлерінен өтетін жарыстар Франциядағы озық үлгіде салынған керемет спорттық арена мен кешендерде өтеді.

Париж қаласының мэрі Анн Идальго Олимпиадаға дайындыққа шамамен 7 миллиард еуродан аз қаражат кететінін атап өтті. Әзірге жоспарланған бюджет шамамен 6,6 миллиард көлемінде. Ал спорттық ойындарды ұйымдастыру комитеті билет сатудан 1 миллиард еуродан сәл астам кіріс түсетінін есептеп қойған. Трибунаның сыйымдылығы 85%, ал билеттің орташа бағасы 117 доллар болады деп күтіледі.

Франция астанасында өтетін спорттық жарыстарға келер болсақ, қаратә Парижде өтетін Олимпиада ойындарының бағдарламасына еңбей қалды. Халықаралық Олимпиада комитетінің бұл спорт түріне Токиодағы Олимпиадаға енгізілгенінің арқасында Қазақстан қоржыны 2 медальмен толыққан болатын. Алайда бұл қаратәшілердің Олимпиададағы бірінші әрі соңғы жарысы болуы ғажап емес. Себебі ХОК келесі Парижде өтетін Олимпиадасының бағдарламасына қаратә спорттың қоспауды жөн санады.

Бірақ жарыс басталғанға дейін шешім сан рет өзгеруі мүмкін.

Ең маңыздысы, Парижде өтетін келесі Олимпиада ХОК-тің біздің ауыр атлеттерге салған тыйымы өз күшін жояды. Бұл дегеніміз — Қазақстан зілтеміршілері бұрынғыдай Олимпиадаға толық құрамда бара алады деген сөз. Яғни, Франциядағы долада кемінде 8-10 ауыр атлетіміз жарыс жолына шығады. Осы хабарды қуана хабарлаған ауыр атлетикадан Қазақстанның мемлекеттік жаттықтырушысы Меңдіхан Тәпсірұлы 2024 жылы Париж Олимпиадасына кімдердің баруы мүмкін екенін айтты.

— Әлем рекордтарын жанартқан жасөспірімдеріміз бар. Ерлер арасында да, қыздар арасында да олардың аттарын атауға болады. Енді ерекше көзге түсіп, 2024 жылғы Париж Олимпиадасына баратын басты үміткерлеріміз — Рахат Бекболат, Абылай Әуелханұлы, Есенгелді Сапи, Нұрғиса Әділетұлы, Ақмолда Сайрамкөз және басқа да жасөспірімдеріміз. Сонымен бірге қыздар арасында Айсамал Сансызбаева, Аиша Омарова, Руфина Шалқарова, Ольга Пастухова, Надежда Ли, Раушан Мешітханова сияқты мықты жасөспірім қыздарымыз бар. Олар халықаралық жарыстарда тұрақты жүлделі орындармен оралып жүр. Аталған жастар алаңдағы Олимпиадаға баруға мүмкіндіктері бар, — деді Меңдіхан Тәпсірұлы.

Ұлттық олимпиада комитетіне берген сұхбатында үздік спортшыларымыздың бірі Ольга Рыпакова 2024 жылы Парижде өтетін Олимпиадаға бару-бармау туралы сұраққа жауап берген болатын. Ол Париж

Олимпиадасына қатысу-қатыспауы әзірге белгісіз екенін айтты. Ал Елдос Сметов «Алдағы Олимпиадаға қатысу ойыңызда бар ма?» деген сауалға былайша жауап берді.

— 2024 жылғы Олимпиадаға бара аламын ба, әлде бара алмаймын ба, көреміз. Қазір елге барып демалатын, денсаулықты қалпына келтіру керек. Кішігірім жаракаттарымыз емдеймін. Жүрт көзіне көрінбейтін, бірақ жаным бататын жаракаттар бар. Өзімді баптасам, денсаулығым жақсы болса, ел намысын неге қорғамасқа? — деді Елдос.

Токиодағы жарыстан соң журналистердің бірнеше сұрағына жауап берген зілтемірші, Токио Олимпиадасының қола жүлдегері Зуфия Чиншанло да Париж Олимпиадасына қатысуға тырысатынын жеткізді. Өне-міне дегенше, Франция тәріндегі Олимпиада ойындары да әлем назарын өзіне аударар кез келер. Сол кезде әлемдік додаға кімдердің баратынын біле жатармыз. Бастысы, спортшыларымыз пандемия кезінде өткен Токио Олимпиадасына жіберген кешіліктен сабақ алса екен дейміз.

Ең қызығы, Париж қаласы Лондоннан кейінгі Олимпиада ойындарын 3 рет өткізген қала ретінде спорт тарихында қалатын болады. Алғашқы Олимпиада ойындары Франция астанасында 1900 жылы ұйымдастырылды. Оған кейін 1924 жылы өтті. Ендігі әлемдік дода 100 жылдан кейін қайтадан әсем Париж қаласына оралады. Барша спорт жанкүйерлері сол күнді асыға күтеді. Біз де өз санлақтарымыздың Париж тәрінде сыңа түсер сәтін көруге асықпыз.

GATE CITY-ді салу басталады

Алматы қаласынан Талдықорғанға апаратын күре жолдың бойында тұрғызылады деген GATE CITY серіктес қаласының аумағында жаңа тұрғын үй кешендері салына бастайды. Бұл туралы облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашовтың VI Group холдингінің өкілдерімен кездесуі кезінде айтылды.

Іскерлік кездесуде осы құрылыс мәселесіне қатысты ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Екіжақты келісім кезінде Лаззат Махатұлы GATE CITY аумағындағы тұрғын үй кешендері құрылысының жобасы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде жүзеге асырылатынын айтты. Мұнда тұрғын үйлермен қатар адамдардың тұрмысына қажетті әлеуметтік нысандар да тұрғызылады.

— Өздеріңізге белгілі, GATE CITY Алматы-Өскемен респуб-



ликалық жолының бойында Алматы мен Қапшағай аралығында орналасады. Жобаның басты мақсаты — заманауи құрылымдық «ақылды» қала құру, бизнесті дамытуға, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға жан-жақты мүмкіндік жасау, Алматы мегаполисінің маңынан жаңа «ақылды» қала салу. Жобаның облыс әкімінің өзі ерекше

бақылауға алып отыр, — деді Лаззат Махатұлы.

Жоба әкімшісі «Жетісу» ӘКК ӨДИ» АҚ мәліметіне қарағанда, бұған дейін «Жетісу» ӘКК алаңында холдинг өкілдерімен бірнеше рет кездесу өткізіліп, жер телімдерін бөлу, жобаның экономикалық және техникалық негіздемелері жайлы талқылау болған.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

NIM AIQYN NUR MEDIA

Меншік иесі —
«Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор —
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС —
шығарушы редактор

Асқар БЕК —
веб-сайт редакторы

Елдар ҚАБА —
секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ —
Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Нұрсұлтан ҚАЗЫБЕКОВ —
Қызылорда облысы
Назгул НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Роза ШӨКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukparyeva@litter.kz
reklama@litter.kz

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@litter.kz
bekkozshayeva@litter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3976
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114